

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 212 (9530) | 1954 жылғы 24 октябрь Жексенбі | Шығуына 35 жыл, жеке саны 20 тыйын.

Жаңа совхоздардың партия ұйымдары

Совет халқы Коммунистік партия мен Совет Үкметінің елімізде тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайту жөніндегі айбынды программасын асқан зор ынтамен жүзеге асыруда. Еліміздің колхоздары мен МТС-тері, совхоздары бығалдың өзінде 17 миллион гектар жаңа жерлерді игеріп, мемлекеттік тапсырманы артығымен орындады. Тың және тыңайған жерлерге орналастырылған егіннен, әсіресе ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім жыйналды. Алғашқы жылдың табысы, міне осындай.

Алайда, бұл—игілікті істің бастамасы ғана. Біздің колхоздарымыз бен МТС, совхоздарымыз тың және тыңайған жерлерді жайпай игеру жөнінде алдағы уақытта да зор көлемді, күрделі жұмыстар жүргізуге тиіс. Үстіміздегі жылдың табыстары еске ала келіп, партия мен Үкмет ауылшаруашылық қызметкерлерінің алдына 1956 жылы тың және тыңайған жерлерге себілетін дәнді және басқа ауылшаруашылық дақылдарының егіс көлемін 28—30 миллион гектарға жеткізу міндетін қойып отыр. Халық игілігін көздейтін бұл абыройлы тапсырманы ойдағыдай орындау ауылшаруашылық қызметкерлерінің абыройы ісі, жоғары борышы болып табылады.

Бүкілхалықтық іс—тың және тыңайған жерлерді көптен игеруде, сөйтіп елімізде астық молшылығын жасауда жаңадан ұйымдастырылған совхоздар зор роль атқарып отыр. Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облыста көктемде ұйымдастырылған 12 жаңа совхоз мыңдаған гектар жаңа жерлерді игеріп, бүкілхалықтық істе зор үлес қосты. Жаңа совхоздардың партия ұйымдары жұмысшылар мен қызметкерлер коллективінің ұйытқысы болып, оларды еңбектегі жаңа табыстарға бастап келеді.

Бұл жөнінде Маленков атындағы совхоз партия ұйымын мысалға алуға болады. Партия ұйымы (секретары И. Крысанов жолдас) партиялық-ұйымдық, партиялық-саяси жұмысты кеңінен ұйымдастырып, жұмысшыларды, ауылшаруашылық мамандарын совхоздың алдында тұрған басты міндет—жаңа жерлерді көптен игеру мақсатына жұмылдыра білуде. Коммунистер өндірістің шешуші учасқтарында жұмыс істеп, еңбектегі өнегелерімен партияда жоқтарды соңынан ерте білуде. Осының нәтижесінде совхоз 30 мың гектарға жуық тың жерлер игеріп, тапсырманы асыра орындады. Совхозда құрылыс жұ-

мыс жұмыстарының отыратын, қасиетті ісі. Партиялық-саяси жұмыстың барлық мазмұны еңбек тәртібін қатаң сақтау, еңбек өнімділігін арттыру, техниканы тиімді пайдалану осының негізінде астық өндірісін шұғыл өркендету мақсатына бағытталуы керек.

Бұл үшін ең алдымен партия ұйымының ішкі жұмысын жақсы ұйымдастыру қажет. Коммунистердің өндірістің шешуші учасқтарында жұмыс істеп, олардың авангардтық роль атқаруына жетісуі қажет. Совхоз партия ұйымдары кәсіпорны администрациясының жұмысын бақылау правосымен пайдаланады. Бірақ, бірақтар жерлерде партиялық бақылау правосы совхоз директорларының, бөлімше басшыларының, трактор бригадаларының бригадирлерінің есептерін тыңдаумен ғана тынып келеді. Рас, шаруашылық қызметкерлерінің есебін тыңдаудың зор маңызы бар. Өйткені партия жыйналысында коммунистер өндірістік жұмыстарды ұйымдастыруда орын тепкен кемшіліктерді атап көрсетіп, олар кемшіліктерді жоюдың жолдарын белгілейді.

Бірақ, бұл мүлдем жеткіліксіз. Шаруашылық жұмыстарының барысына партия бақылауы кең көлемде, ол қабылданған қарарлардың орындалуын тексеру, бұқара арасындағы партиялық-саяси жұмыстың мазмұнды ұйымдастыру, совхоз жұмысшыларының социалистік жарысына басшылықты жақсарту мәселелерімен нығайтуға тиіс.

Совхоз жұмысшыларының арасындағы мазмұнды ұйымдастырылған бұқаралық-саяси жұмыс шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындаудың кеңіі болып табылады. Сондықтан партия ұйымдары үгіт коллективтерінің жұмысына басшылық пен бақылауды күшейтіп, жұмысшылар мен басқа да қызметкерлердің арасында ұйымдастырылған әңгімелердің, сондай-ақ, саяси баяндамалар мен лекциялардың мазмұнды болуына, совхоз жұмысшыларының өндірістік белсенділіктерінің артуына жетісу керек.

Социалистік жарыс бұқараның творчестволық ісі жан-жақты қолдау тапқан жерде табысты ұйымдастырылатыны мәлім. Олай болса партия ұйымдары социалистік жарыстың барысына үнемі қортынды жасап, өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін кеңінен қолдау арқылы арта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосу-

Қызу қарқынмен

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артелінің (Совет ауданы) мүшелері қолда бар күш-мүмкіншілікті тиімді пайдалануда.

Мал шаруашылығынан өнімді мол алудың және малды шығынсыз өсірудің шарты—малды жайлы қора, құнарлы азықпен қамтамасыз ету ісі колхозда ойдағыдай ұйымдастырылған. Мұнда ескі қораларды жөндеу және жаңадан стандартты мал қораларын салу жөнінде арнаулы құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Үстіміздегі жылдың өзінде құрылысшылар мал өсіруші колхозшыларға арнап көп пәтерлі бір үй салды. Сондай-ақ 100 бас шошқа тұратын стандартты қора салу жұмысын 1 ноябрьге аяқтауға міндеттенді.

Бүкілхалықтық мереке Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдығын елеулі табыстармен қарсы алу үшін колхоз мүшелері мал қыстауға әзірлік жұмыстарын үлгілі аяқтау жолындағы социалистік жарысты өрістете түсуде. Көзір колхоздың барлық күш-мүмкіншілігі дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына тасып жеткізуге жұмсалған. Бұл жұмысқа күн сайын 44 көлік қатыстырылып жүр. Ермаганбетов жолдас басқарған бригада мал қоралары жанына жемшөпті көптен тасу жөніндегі жарыста колхоз бойынша үздік алда келеді. Оның басқаруымен аз күн ішінде № 4 бригада мал базалары жанына 600 центнер құнарлы азық тасып жеткізді.

Колхозда құнарлы жемшөптермен бірге мал базалары жанына сабан тасу жұмысы да ойдағыдай ұйымдастырылған. Бұл жұмыста Касенов, Ермаганбетов жолдас-тар күндік нормаларын үнемі асыра орындап жүр.

С. ХАМЗИН.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ТАБЫСЫ

Мал басын өркендете беру және мал шаруашылығы өнімдерінің жыл сайын арта түсуін қамтамасыз етуді көздеген Тоқшын совхозы (Полудень ауданы) коллективі үстіміздегі жылы бірсыпыра жаңа шараларды жүзеге асырды.

Совхоз алдымыздағы қыста қоғамдық қорамдық мал басын өркендету жұмысына қатысқан

Октябрь мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алайық!

Қызу қарқынмен

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артелінің (Совет ауданы) мүшелері қолда бар күш-мүмкіншілікті тиімді пайдалануда.

Мал шаруашылығынан өнімді мол алудың және малды шығынсыз өсірудің шарты—малды жайлы қора, құнарлы азықпен қамтамасыз ету ісі колхозда ойдағыдай ұйымдастырылған. Мұнда ескі қораларды жөндеу және жаңадан стандартты мал қораларын салу жөнінде арнаулы құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Үстіміздегі жылдың өзінде құрылысшылар мал өсіруші колхозшыларға арнап көп пәтерлі бір үй салды. Сондай-ақ 100 бас шошқа тұратын стандартты қора салу жұмысын 1 ноябрьге аяқтауға міндеттенді.

Бүкілхалықтық мереке Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдығын елеулі табыстармен қарсы алу үшін колхоз мүшелері мал қыстауға әзірлік жұмыстарын үлгілі аяқтау жолындағы социалистік жарысты өрістете түсуде. Көзір колхоздың барлық күш-мүмкіншілігі дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына тасып жеткізуге жұмсалған. Бұл жұмысқа күн сайын 44 көлік қатыстырылып жүр. Ермаганбетов жолдас басқарған бригада мал қоралары жанына жемшөпті көптен тасу жөніндегі жарыста колхоз бойынша үздік алда келеді. Оның басқаруымен аз күн ішінде № 4 бригада мал базалары жанына 600 центнер құнарлы азық тасып жеткізді.

Колхозда құнарлы жемшөптермен бірге мал базалары жанына сабан тасу жұмысы да ойдағыдай ұйымдастырылған. Бұл жұмыста Касенов, Ермаганбетов жолдас-тар күндік нормаларын үнемі асыра орындап жүр.

С. ХАМЗИН.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ТАБЫСЫ

Мал басын өркендете беру және мал шаруашылығы өнімдерінің жыл сайын арта түсуін қамтамасыз етуді көздеген Тоқшын совхозы (Полудень ауданы) коллективі үстіміздегі жылы бірсыпыра жаңа шараларды жүзеге асырды.

Совхоз алдымыздағы қыста қоғамдық қорамдық мал басын өркендету жұмысына қатысқан

Информациялық хабар (1-бет).

ОКТАБРЬ МЕРЕКЕСІН ЛАЙЫҚТЫ ӨНДІРІСТІК ТАБЫСТАРМЕН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ! С. Хамзин. — Қызу қарқынмен. Ш. Бекжанова. — Еңбекшілер тілегіне сай жұмыс істейміз. Б. Ақтанов. — Совхоздағы жаңа құрылыстар (1-бет).

ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ (1-бет). ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: В. Солдаткин. — Колхозшылармен жұмыс істеу — табыс кепілі (2-бет).

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ БАСЫН КӨБЕЙТІП, ОНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРА БЕРЕЙІК: И. Тоцкий. — Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетеміз. И. Волченков. — Мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда кемшіліктерге жол берілмесін (2-бет).

Ю. Зынов. — Қазақстанның тың жерлері (2-бет).

Совет халықтарының үздіксіз өсіп отырған материалдық және мәдени тілектерін барынша қанағаттандыру үшін Коммунистік партиямыз бен үкметіміз бар мүмкіншілікті жасап отыр. Міне, осындай әкелік қамқорлықтың нәтижесінде мәдени тұрмыстары күн санап жақсарған совет халықтары өнеркәсіп орындарынан көпшілік тұтынатын товарларды мейлінше көп және сапалы шығаруды, сондай-ақ, еңбекшілердің зақаздары бойынша киім-кешек тігетін фабрикалар және артельдерден киім тіккенде оның берік болуын және әсем, көрікті, денеге қонымды болуын талап етеді.

Осы талапқа сай жұмыс істеп, өнімді көп және сапалы шығаруда, өнімнің өзіндік құнын үнемі кемітіп, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда, біздің «9-май» кәсіпшілік артелінің коллективі қажырлы еңбек етіп, игілікті нәтижелерге ие болуда.

1947 жылдың басында ғана ұйымдастырылған бұл артель соңғы жылдарда тез ұлғайып, қаладағы ірі кәсіпорындарының қатарына қосылды. Көзір мұнда механикаландырылған жайпай киім тігу цехы, ерлер және әйелдердің сырт киімдерін тігетін цех, еңбекшілердің зақаздары бойынша жаңа модылы киім тігетін цех ашылып, онда 100-ден астам тігін мастерлері еңбек етеді.

Артель үстіміздегі жылғы 9 айлық өндірістік жоспар бойынша 2 миллион 6200 сомның өнімін шығаруға тиісті еді. Бұл мерзімде 2 миллион 960 мың сомның жоғары сапалы өнімі шығарылып, өндірістік жоспар артығымен орындалды. Ал, өткен 1953 жылдың 9 айлық жұмыс қорытындысымен салыстырғанда, үстіміздегі жылдың 9 айында 600 мың сомның өнімі артық шығарылды. Сөйтіп, артель бойынша еңбек өнімділігі 109,5 процентке жетті.

Коллектив мүшелері еңбек өнімділігін арттырып, өнімді көп және сапалы шығарумен бірге, өнімнің өзіндік құнын кемітуге де баса назар аударды. Ол үшін, жұмыс уақытының әрбір минуты тиімді пайдаланылды. Өнім шығаруда ақау жіберушілерге қарсы батыл күрес жүргізіліп, өнімнің ақаусыз болуына тиісті ша-

ары ішінде үнемделген материал, отын, электр қуаты, тағы басқалар есебінен мемлекетке 32.700 сомдық пайда келтірілді.

Артельдің барлық тігіншілері өздеріне жүктелген міндеттерге жауапты қарап, ұйымдасқан түрде жұмыс істейді. Соның арқасында шығарылған өнімнің барлығы да тұтынатындардан тек «жақсы» және «өте жақсы» деген баға алып жүр.

Артель бойынша жайпай тігін цехы (бастығы А. Склярова жолдас) өнімді көп және сапалы шығарып, өндірістік жоспарды үнемі артығымен орындап, социалистік жарыста алда келеді. Бұл цехтың барлық мүшелері күнделік және айлық өндірістік жоспарды 100-150 проценттен асыра орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Ерлерге және әйелдерге сырт киім тігетін цехтағы тігінші мастер Малышкин жолдасының да еңбек өнімділігі аса жоғары.

Артельдің еңбекшілер зақазы бойынша жаңа модылы киім тігетін цехтағы мастери Е. Сергееваның өндірісте жұмыс істей бастағанына быыл 28 жыл. Ол өзі өндірісте жұмыс істей бастағаннан бері ондаған жастарды тігін өнеріне үйретіп шығарды. Олардың көпшілігі көзір еліміздің ірі қалалары мен селоларында тігін мастери, цех бастығы, тағы басқа жұмыстарда еңбек етеді. Қарт мастер бұл күндері де өзіне жүктелген өндірістік жоспарды 150—170 процентке дейін орындайды.

Біздің артель коллективі СОБШ Орталық Комитеті қабылдаған тарихи қаулыларды өндірісте негізгі программаға алып, облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеріп, астық молшылығын жасау үшін көмекке келген патриоттарға да киім-кешек, төсек-орындар тігіп берді.

Бұл күндері артельдің барлық цехтары Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа кеңінен ұштасып, облыс еңбекшілерінің зақаздарын белгілеген мерзімнен бұрын, жоғары сапада тігіп, даңқты мерекені өздерінің игілікті табыстарымен қарсы алмақ.

Ш. БЕКЖАНОВА.

Қаладағы «9-май» кәсіпшілік

Қ. Нұғыманов. — Жолдастық, достық және махаббат туралы (3-бет).

Н. Шаменов. — Ақжелең (3-бет).

К. Баекин. — Колхозшыларды мәдениетті қамтуындамыз (3-бет).

Ф. Волнянский. — Жастар, техникалық училищеге барыңыздар (3-бет).

Ә. Сүлейменов. — Роза Багланованың концерті (4-бет).

Г. Карташов. — Баспасөз тарату ісін ұйымшылдықпен және табысты жүргізейік (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

СОВХОЗДАҒЫ ЖАҢА ҚҰРЫЛЫСТАР

Будан төрт-бес ай бұрын Маленков атындағы жаңадан құрылған астық совхозының орталығында қаз-қатар тізілген ақ шатырлар ғана болатын. Партиямыздың шақыруымен тың жерлерді игеруге келген патриоттар—жаңа совхоздың жаңа коллективі осы шатырларда тұратын. Көзір совхоз орталығы танымастай өзгерді. Ақ шатырлардың орнына көзір жаңа тұрғын үйлер пайда болған. Совхоз құрылысшылары аз уақыттың ішінде 15 төрт бөлмелі, 17 сегіз бөлмелі және 1 екі этажды, 28 бөлмелі құрастырмалы тұрғын үйлер салып, пайдалануға берді. Бұл күндері ол үйлерде 100-ге жуық жұмысшылар семьясы тұрады.

Құрылысшылар Ұлы Октябрь мерекесі күрметіндегі социалистік жарысты өрістете отырып, жаңа үйлер, мәдени орындар салуды әлі де қызу жүргізіп жатыр. Хлоповский, Кудинов жолдас-тар басқаратын құрылыс бригадаларының мүшелері күн сайын екі-үш норма орындай отырып, әрқайсысы 28 бөлмелі екі этажды екі тұрғын үй мен магазин үшін салынған үйлерді жақында тағы да пайдалануға берді. Көзір бұл бригадалар кіршіктен салынып жатқан 50 кісілік асхана мен 10 орынды монша үйлерінің құрылысына аяқтал келеді. Бұл құрылыстар мереке күні—7 ноябрьге дейін толық аяқталып, пайдалануға берілетін болады.

Совхозда уақытша пайдалану үшін салынған нан пісіретін орын жұмыс істейді. Ол тәулігіне 400 килограмнан аса нан пісіреді. Бірақ, құрылысшылар бұған қанағаттанғын қоймай, нан пісіретін түпкілікті орын салу жұмысына шұғыл кірісті. Бұл құрылыстың қабырғалары кіршіктен қаланды.

Совхозға быыл еліміздің басқа облыстарынан көптеген жұмысшылар келеді. Осыған байланысты құрылысшылар коллективі жаңадан келушілер үшін әрқайсысы 30 орынды төрт жатақхана салуды қызу қолға алды.

Бұл құрылыстар үшін жергілікті материалдарды пайдалану кеңінен ұйымдастырылған. Олжабаев жолдас басқарған құрылысшылар бригадасының мүшелері 150 сыйыр малы үшін екі қораны, 45 бастық төл үшін және 10 орынды сыйыр бұзаула-татын үйді салуға жергілікті құрылыс

мыстары да қызу жүрісінде. Мұнда совхоз қызметкерлері үшін 32 пәтер үйлер, асхана, магазин, монша, ұста дүкені, жөндеу мастерскойы салынды. Кәзір совхоз коллективі тракторларды жөндеу жұмысына ұйымшылдықпен кірісті. Тимирязев атындағы Докучаев атындағы жаңа совхоз партия ұйымдары да партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде бір қатар шараларды жүзеге асырды.

Дегенмен жаңа совхоз партия ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді көрмеу қате болар еді. Кейбір жерлерде партия ұйымдары жаңа жерлерге қоныстанушылардың тұрмыстық жағдайларына, трактор бригадаларындағы және басқа өндіріс учасіткеріндегі бұқаралық-саяси жұмысқа жете назар аудармай отыр. Мұндай төзгісіз кемшіліктер, әсіресе Жамбыл атындағы, Москворецк совхоз партия ұйымдарының жұмысында орын тапқан. Жамбыл атындағы совхоз партия ұйымының секретары Атанов жолдас жұмысшылар үшін пәтер үйлер салу ісіне назарды әлсіреткен.

Осы сыяқты, Москворецк совхоз партия ұйымының өндіріске ықпалы төмен болып отыр. Трактор бригадаларында бұқаралық-саяси жұмыс, механизаторлардың социалистік жарысы формальды ұйымдастырылған. Солай бола тұрса да партия ұйымының секретары Неудухин жолдас партиялық-саяси жұмысты, механизаторлардың социалистік жарысын ұйымдастыруды жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруды естен шығарып жүр. Ендігі жерде мұндай кемшіліктерге тіпті де төзуге болмайды.

Жаңа совхоздардың партия ұйымдары ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты барған сайын жақсартып, совхоз қызметкерлерінің өндірістік белсенділіктерін арттырып отыруға тиіс. Өндірістік жұмыстардың барысы, совхоз қызметкерлерінің тұрмыстық жайы, мәдени-ағарту жұмыстары партия ұйымдарының күнбе-

күні мәдени-ағарту жұмыстарының өкілдері, саяси баяндамалардың, жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін, көрнекі үгітті кеңінен пайдалану қажет. Осылай болған күнде ғана социалистік жарыстың ойдағыдай ұйымдастырылуы мүмкін.

Совхоз партия ұйымдарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі кәсіподақ, комсомол ұйымдарының жұмысына басшылықты партия қойған талаптар дәрежесінде сай ұйымдастыру болып табылады. Кәсіподақ ұйымының социалистік жарысқа басшылық ету, жұмысшылардың тұрмыстық қажетіне үнемі назар аударып отыру сыяқты жұмыстарда инициативаларын барынша арттыру керек. Комсомол ұйымдарының жастарды саяси-тәрбиелеу, олардың арасында мәдени-ағарту, физкультура-спорт жұмыстарын кеңінен өрістету, жастардың еңбекке өнеге көрсетуіне жетісу сыяқты жұмыстарына әрқашан назар аудару қажет.

Жаңа совхоз партия ұйымдарының жұмысы аудандық партия комитеттерінің, оның совхоздар аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының басшылығы мен көмегін жақсартуды қажет етеді. Солай бола тұрса да нұсқаушылар тобы бірқатар жерлерде совхоз партия ұйымдарының өндірісте белсенділігін арттыра алмай отыр. Мәселен Преснов аудандық партия комитетінің совхоздар аймағы жөніндегі секретары Шмурыгин, нұсқаушы Беседін жолдасар Жамбыл атындағы совхозда жиі болады. Бірақ, не пайда олар совхоз партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыра алмай жүр. Аудандық партия комитеттері жаңа совхоз партия ұйымдарының жұмысына басшылықты жақсартулары керек.

Жаңа совхоздардың партия ұйымдарының жұмысын өскелең міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастырып, астық өндірісін ұлғайту жолындағы күресте жаңа табыстарға жетісе берейік.

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

20-21 октябрьде Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің кезекті үшінші Пленумы болып өтті.

Пленум «Республиканың МТС және совхоз комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту шаралары туралы» мәселе қарап, талқылады. Пленумда ҚЛЖО Орталық Комитетінің секретары Н. В. Дыхнов жолдас баяндама жасады.

Пленум талқыланған мәселе бойынша тиісті қарар қабылдады.

Пленумға көптеген МТС, совхоз комсомол комитеттерінің секретарьлары, аудандық комсомол комитеттерінің МТС аймағындағы топтарының нұсқаушылары қатысты.

ҚАЛАЛЫҚ ХХ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Кеше облыстық драма театрының үйінде Петропавл қалалық ХХ партия конференциясы ашылды. Конференция делегаттары қалалық партия комитетінің есебі туралы ККМ қалалық комитетінің секретары Полипов және тексеру комиссиясының председатели Зернович жолдас-тардың баяндамаларын тыңдады.

Мұнан кейін қалалық партия комитетінің есебін талқылау басталды. Жарыс-сөзде темір жол бөлімшесі тораптық партия комитетінің секретары Максимов, ет-консерві комбинатының директоры Гал-

ныкин, делегат Тужин, паровоз депосы партия комитетінің секретары Исак, қалалық аралас сауда мекемесінің директоры Сакара, құрылыс басқармасының бастығы Зисович, ҚЛЖО қалалық комсомол комитетінің секретары Шәкіров, делегат Никулин, аяқ-кнм фабрикасының директоры Гаев, Киров атындағы завод партия ұйымының секретары Кравцов, қалалық № 1 милиция бөлімінің бастығы Торпақбаев жолдасар сөз сөйледі.

Бүгін конференция өзінің жұмысын оная әрі жүргізеді.

қамтамасыз етуді жоспарлады. Осы мақсатпен көктемнің алғашқы күндерінен бастап, құрамында 12 адамнан бар екі құрылысшылар бригадасы ұйымдастырылды.

Бұл екі бригада 23 ескі мал қораларын толық жөндеуден өткізді. Оның ішінде әрқайсысына 100 бас мал тұратын 8 сыйыр қора және 11 бұзау қорасы бар.

Совхоз арнаулы құрылыс бригадаларын ұйымдастыру арқылы соңғы екі жылдың ішінде-ақ стандартты 2 сыйыр қора, 2 бұзау үйін және 1 шошқа қорасын салдырды. Құрылыс бригадаларының мүшелері Козлов, Митрошин, Доронин жолдас-тар күнделік нормаларын үнемі 150-170 проценттен орындап жүр.

3. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Басқару бөлімінде...

МЕРЕКЕ АЛДЫНДАҒЫ САУДА

Қала магазиндері 25 октябрьден бастап мереке алдындағы сауда жұмысын жүргізе бастайды. Қала тұтынушыларына 15 миллион сомнан астам халық тұтынатын товарлар сатылады. Еңбекшілерге 100 тонна қант, 200 тонна маргарин және 40 мың сомның айырған майы, 250 мың сомның өсімдік майы сатылатын болады.

Сондай-ақ, ет және балық консервілері, түрлі жемістер, крупаның көп түрлері, тағы басқа да азық-түлік товарлары сатылмақ.

Қала магазиндерінде өнеркәсіп товарлары да көп сатылады. Мұнда еңбекшілер жүн мата, мақта мата, жібекті және тігүлі киімдерді, аяқкиімдерін сатып алады.

МӘДЕНИ-ҮГІТ БРИГАДАСЫ

Ленин аудандық мәдениет үйі еңбекшілерді мәдени қамту үшін мәдени-үгіт бригадасын құрды. Бригаданың құрамында 9 адам бар. Олардың концерт репертуары совет композиторларының шығармалары, көркем сөздер және бір шағын

пьесамен толықтырылған. Бригаданы комсомолец Барлат жолдас басқарады.

Бұрнағы күні мәдени-үгіт бригадасы еңбекшілерді мәдени қамту үшін колхоздарға жүріп кетті.

С. ӘНУАРОВ.

Б. АҚТАНОВ.



Туған елімізде



Латыш ССР колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Латыш ССР колхоздары мен совхоздары 1954 жылдың егінінен астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылға қарағанда мемлекетке 374 мың пұт астық көп тапсырылды. Республика колхоздары МТС жұмыстары үшін тапсырылған есептер бойынша және мемлекетке сату ретінде астық әлі де тапсырылуда, колхозшылардың еңбек күніне астық берілуде.


Республика колхоздары жүн дайындаудың және сатудың мемлекеттік жоспарын да мерзімінен бұрын 112 процент етіп орындады.

Кәзіргі уақытта республика колхоздары мен совхоздары 1955 жылдың көктемгі егісі үшін тұқым қорын құю, зяб жырту, картоп, овощ, қант қызылшасын, зығыр жыйнау және дайындау жұмыстарын жүргізуде, мал қыстатуды үлгілі өткізуге дайындалуда.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА СОВХОЗДАР

ҚОСТАНАЙ, 22 октябрь. (СОТА). Облыста Меңдіқара, Баровский атындағы, Узынкөл, Ключевск және басқа астық совхоздары құрылады. Олардың құрылысына алғашқы жылдың өзінде жарты миллион сом қаржы жұмсалады. Бұл шаруашылықтарды ұйымдастыру құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындарын құруды қажет етті. Жаңа жерлерде темір бетон конструкциялар жасайтын заводтар, кірпіш, өк, шлак блогін шығаратын кәсіпорындарын салу белгіленді.

Жаңадан ұйымдастырылған совхоздар келесі жылы жарты миллионға жуық гектар тың жерлер көтереді.



Өзбек ССР. Ташкенттегі Сталин атындағы комбинаттың тоқымашылары халық тұтынатын товарларды көптеп шығару жолындағы күресте зор табысқа ие болуда. Комбинат коллективі жеті ай ішінде жоспардан тыс 11 миллион сомның өнімін берді. Суретте: иіру-тоқыма фабрикасының № 2 иіру цехы. (СОТА-ның фотохроникасы).

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

22 октябрьде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде еліміздің 41 облысының механизаторлары Москваның бірқатар өнеркәсіп орындарының жұмысшыларымен, ауыл шаруашылығын механикаландыру саласында жұмыс істейтін ғалымдармен кездесті. Механизаторлар жаңа машиналар жасайтын конструкторлар мен жұмысшы-

лардың колхозды дала еңбекшілерімен творчестволық ынтымағы бұрынғыдан да гөрі қажет екендігін айтты, конструкцияларды жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізді.

Көрменің МТС усадьбасы жаңа экспонаттармен толықтырылды.

(СОТА).

Армиядан запасқа қайтқан жауынгерлер жаңа астық совхоздарына жұмысқа келуде

22 октябрьде ССРО Совхоздар министрлігінің коллегиясы даңқты Кантемир дивизиясының запасқа қайтатын бір топ солдаттары мен сержанттарының коллективтік хатын талқылады. Олар өздерін Бөкшетау облысы, Чкалов ауданында ұйымдастырылатын жаңа совхозға жұмысқа жіберуді және ол шаруашылықты «Кантемировец» совхозы деп атауды сұраған.

Сол сыяқты, хатта Кантемир дивизиясы жаңа совхозды өз қамқорлығына алатындығы және оны запасқа қайтатын әскерлер есебінен маман жұмысшылармен қамтамасыз етуге міндеттенетіндігі айтылған.

Коллегия мәжілісіне дивизияның өкілдері қатысты. Шығып сөйлеген аға лейтенант Бишенков және қатардағы жауынгер Каишов жаңа жер игеретін ауданға баратын жауынгерлер дивизия сенімін ақтайды және Кантемировец деген атақты жоғары ұстайды деп мәлімдеді.

Бұдан кейін жаңадан ұйымдастырылатын совхоздың директоры Виноградный жолдас сөз сөйлеп, жаңа совхозды дивизия атымен атау жөніндегі кантемировшілердің өтінішін қуаттады.

Министрліктің коллегиясы патриоттық инициативаны қызу қуаттады. Жаңадан ұйымдастырылатын совхозды «Кантемировец» совхозы деп атау жөнінде қарар қабылдады. (СОТА).

МОСКВА ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫ КАРТОП ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Москва облысының колхоздары мен совхоздары картоп дайындаудың және сатудың белгіленген жоспарын 102 процент етіп орындады. Үстіміздегі жылы мемлекетке өткен жылымен салыстырғанда 81 мың тонна картоп артық дайындалды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Колхозшылармен жұмыс істеу—табыс кепілі

Мұнан екі жыл бұрын біздің колхоз ауданында артта қалып келе жатқан шаруашылықтардың бірінен саналатын еді. Мәселен, 1952 жылы оның жылдық табысы небары 279 мың сом ғана болды. Денді дақылдардың әрбір гектарына орта есеппен 5 центнерден ғана өнім алынғандықтан. Мұның себебі колхозды қара білетсіз адамдар басқарды. Артель жұмысын ұйымдастыруда несізд көк жол берілді. Колхоз партия ұйымының өндірісте ролі төмен болды.

Кәзір колхоз өндірісін ұйымдастыру бұрынғыдан анағұрлым жақсарды. Бұл пәрмәді мынандай кейбір көрсеткіштермен дәлелдеуге болады. 1953 жылдың өзінде колхоздың жылдық табысы екі есе өтті, ауылшаруашылық дақылдарынан 10 центнерден өнім жыйналды. Міне, бұл көрсеткіштер 1952 жылғыдан өлше қайда артық. Ал үстіміздегі жылғы елшіл егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендетуде бұрынғыдай болып көрмеген табыстарға ие болып келеді.

МТС-тің техника күшіне сүйене отырып, колхоз тың және тынайған жерлерді көптеп игерді. Егіннен мол өнім жыйнады. Мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке 30 мың шұтқа жуық астық сатты. Белесі жылдың егісі үшін шар, зияб жұрту жоспарлары толық орындалды. Қоғамдық мал мен колхозшылардың жөле малы үшін жемшөп жеткізілді.

Колхоз өндірісінің соңғы кезде осылайша жиі жақты өркендеуіне партия ұйымының көпкүн үлесі аз емес. Өңірміне осы жөнінде болғалы отыр.

Партиямыздың Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде партия ұйымы өткен жылы бірқатар шараларды белгіледі. Мұнда, әсіресе, коммунистердің авангардтық ролдерін арттыру, селода партиялық-саяси жұмысты жақсарту, осының негізінде колхозшылардың еңбекке деген ынталылықтарын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар т.б.и колхоз партия ұйымының жұмысына үнемі басшылық жасап, оның ролін арттыру жөнінде қажетті көмек көрсетіп отыратын болды.

Біз жұмысты саясимен партия ұйымының ішкі жұмысын жақсартудан бастадық. Жасыратыны жоқ, бұрын кейбір коммунистер, басқаны айтағанда, партия жыйналыстарына қатысу, мүшелік жарналарын төлеу сияқты міндеттеріне де назар аудармай қарайтын. Өткен жылы партия ұйымының есеп беру сайлау жыйналысында бұл мәселелер жөнінде қатан сын болды.

Бұл жағдайдан құтылу үшін аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Очеретке жоласпен біресе отырып комму-

нистерді колхоз өндірісінің шешуші учаскелеріне бөлді. Олардан еңбекте өнеге көрсету, колхозшылар арасында бұқаралық саяси жұмыс жүргізу талап етілді.

Сонымен қатар колхоздың басшы кадрларының талсырылған жұмысқа жауапкершілік сезімдерін арттыру мәселесіне баса назар аударылды. Колхозшылар өткен жылы колхоз председателі етіп шаруашылық жұмыстарды ұйымдастыруда бай тәжірибелі бар Грищенко жоласты сайлады. Егіс бригадалары мен мал фермаларын басқаратын кадрларды нығайту жөнінде де бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

Мәселен, бұрын № 1 егіс бригадасын колхозшы Окружнов басқаратын. Ол колхозшылардың беделімен пайдаланбады, қоғам мүддесінен гөрі өзінің жеке басын мүддесін жоғары қойды. Сондықтан бригадада еңбек тәртібі төмен болды. Партия ұйымы мен колхоз басқармасы бұл жағдаймен келісе алмады. Егіс бригадасының бригадирлігіне бұрын тоғарлы сүт фермасын басқарып келген коммунист Новичков жоласты ұсынды. Оған көмекке бірнеше үгітшілер жіберілді. Новичков жоласты алғашқы кездің өзінде бригаданың жұмысын ұйымдастыра білетінін байқады. Оның бригадасы көктемгі дала жұмыстарын агротехникалық қысқа мерзімде өткізіп, егінді күту жұмыстарын үлгілі ұйымдастырды. Соның нәтижесінде дөңді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 11 центнерден, ал кейбір учаскелерден 19 центнерден өнім жыйналды.

Коммунистер № 2 егіс бригадасының бригадирі Пахомов, № 3 егіс бригадасының бригадирі Яковлев және басқа жоластар да өздеріне тапсырылған жұмысты әброймен орындап келеді. Партия ұйымы өзінің ішкі жұмысын жақсартумен бірге колхозшылар арасында да бұқаралық саяси жұмысқа, колхозшылардың колхоз өндірісіне материалдық ынталылығын арттыру мәселесіне үнемі назар аударып отырады.

Колхоз партия ұйымы бұқаралық-саяси жұмысты үгітшілер коллективі арқылы жүргізеді. Оның құрамында 15 адам: колхоз коммунистері, мектеп оқытушылары, ауыл шаруашылығының мамандары бар. Біз үгітшілерден колхозшылар арасында топтық өңіме өткізумен бірге жеке өңімелер өткізуді талап етіп отырамыз. Бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлері: дауыстап газет оқу, өңіме өткізу, саяси баяндама жасау, лекция оқу, көрнекі үгіт бәрі де бір мақсатқа—колхозшы шаруалардың колхоз өндірісіне белсенділігін арттыру мақсатына бағытталып отырады. Біз бұл жұмыста әрбір колхозшыға колхоз дәулеті неғұрлым бай болса, колхозшының материалдық мәдени тұрмысының анағұрлым жақсы болатынын түсіндіруді саяси жұмыстың негізгі міндеттерінің бірінен санап отырмыз. Біздің

үгітшілеріміз егіс бригадалары мен мал фермаларында ұйымдастырған өңімелермен тынбайды, олар әрбір колхозшының үйінде жиі болады.

Кәзір селодағы саяси үгіттің мазмұны ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкметтің белгілеп берген программасын терең түсіндіру, советтік ғылым мен өндіріс қозғалысының табыстарын насихаттау, социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыру болып отыр.

Бұқаралық-саяси жұмыс колхозшылармен жұмыс істеудің негізгі түрі. Бірақ, біз мұнымен тынып отырғанымыз жоқ.

Партия ұйымының ашық жыйналыстарын жиі өткізу колхозшы шаруалармен байланысты анағұрлым нығайтатынын тәжірибеден айқын көрдік. Ашық партия жыйналыстарында колхоз өндірісінің өзекті мәселелері талқыланады, оған партияда жоқ активтермен бірге, қозғалып мал өсірушілер мен егіншілер қатысады. Мәселен, ЮОБП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысын талқылауға арналған партия ұйымының ашық жыйналысына 20-дан астам колхозшылар қатысты. Олар өздерінің сөздерінде колхоз өндірісін тыңғылықты ұйымдастыру жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Демек, партия ұйымының ашық жыйналысы коммунистер мен партияда жоқ активтердің белсенділігін арттырудың маңызды бір шарты болды.

Партия ұйымы колхозшылардың еңбекке қатысуына мүмкіндік жасау, олардың тұрмыстық жағдайларына назар аудару мәселелерін естен шығармайды. Көктем егіс кезінде партия ұйымы колхоз басқармасынан колхозшы әйелдерді еңбекке толық қатыстыру үшін балалар яслиін ұйымдастыруды талап етті. Бұл талап жүзеге асырылды. Кәзір колхозда 50 балаға арналған ясли жұмыс істейді. Осының нәтижесінде жас балалы аналар колхоз өндірісінде еңбек етуге толық мүмкіндік алды.

Партия ұйымы колхоз басқармасының колхозшылардың еңбек күндеріне заттай және ақпалай аванс беруді үнемі бақылап отырады. Быйыл колхозшыларға үш рет аванс берілді. Колхозшылар аванс ретінде әрбір еңбек күндеріне 3 килограмм астық, 1 сом 70 тыйынан ақша және 5 килограмнан шөп алды. Ауылшаруашылық жылының қорытындысында колхозшылардың табысы өткен жылға қарағанда біржарым есе артық.

Колхоз партия ұйымы колхозшы шаруалармен жұмысты барған сайын жақсартып, олардың ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы белсенділіктерін арттыра береміз.

В. СОЛДАТКИН,

Ленин ауданы, «Тропинка Ильича» колхозы бастауыш партия ұйымының секретары.

Мектеп партия ұйымында

Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра берейік

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетеміз

ЮОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысында қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік зор маңызы бар және мұның өзі партиямыз бен үкметіміздің ауыл шаруашылығы саласындағы кезек күттірмейтін міндеті болып табылады деп атап көрсетілді. Біздің колхоздың колхозшылары бұл міндетті орындау күресінде елеулі табыстарға ие болуда.

Быйғы жылы мал өсірушілер қоғамдық малды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай күту арқылы мал өсірудің мемлекеттік жоспарын әрбір түлік бойынша толық орындап шықты. Колхоз жоспар бойынша 1700 бас биязы жүнді қой өсіру керек болса, кәзір оның саны 2290 басқа жетті. Сол сияқты, жоспардан тыс ондаған шошқа, жүздеген құс өсіріліп отыр.

Колхозшылар мал басын көбейтумен бірге, оның өнімділігін арттыруда да игі нәтижелерге ие болды. Колхозда сыйырлардың сүттілігі, қойлардың жүндестігі өткен жылғыдан біржарым есе молайды. Мұның өзі мемлекетке етті, сүтті, жүнді көптеп тапсыруға мүмкіндік берді.

Мал өсірушілер мал шаруашылығын мұндай дәрежеде өркендетуде өткен жылы мал қыстатуды табысты өткізу арқылы жетті. Олар қыс кезінде малды жемшөппен, жылы, жайлы қорамен қамтамасыз етіп, біре-бір малдың шығынына жол берген жоқ.

Олар келесі жылы да фермаларда мал басын ұлғайтып, оның өнімділігін арттыру үшін алдағы мал қыстатуға барлық жағынан үлгілі әзірленді. Колхозшылар тек быйғы жылы өзінде ғана 1600 бастық екі қой қорасының құрылысын аяқтап, пайдалануға берді. Бұл қоралар қол еңбегін көп керек ететін жұмыстарды механизандыруға бейімделіп салынды.

Біз өткен жылы сабан мен топаңды және басқа да ірі сабақты азықтарды малға турап, буландырып беруді үлгілі ұйымдастырғанбыз. Быйыл да бұл іске мұқият әзірлендік. Бұл жөнінде Суворов атындағы МТС нақтылы көмек көрсетті. МТС колхозға жаңадан сабан турағыш бөлді. Фермаларда мал азығын дайындайтын кұхня бар.

Колхозшылар қоғамдық малға жемшөп әзірлеуде бірқатар жұмыстар істеді. Олар жазда 12140 центнер жемшөп дайындаған болатын. Кәзірдің өзінде бұл түрлінен мал қоралары қасына тасылып алынды. Шөп шабу кәзіргі күндері де жүргізіліп келеді. Бұл жұмыста кеңалымды шөп машинасынан басқа 5 көлік машинасы жұмыс істейді. Колхозшылар 4100 центнер жемшөп сүрлеп, бұл жөніндегі жоспарды асыра орындады. Бұдан басқа 400 центнер концентрат әзірленді. Бұл

Мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда кемшіліктерге жол берілмесін

Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін көптеп тапсыруға өткен жылдарға қарағанда быйыл аса қолайлы жағдай туып отыр. Мемлекетке міндетті түрде ет, сүт, жүн, жұмыртқа тағы басқа мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудың жоспары кемітілді және ол өнімдерді сатып алудың бағасы жоғарылатылды. Бұл жағдай колхоздар мен колхозшылардың мемлекетке мал өнімдерін көптеп сатуына мүмкіншілік туғызады. Кәзір облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары мемлекетке ет, сүт, май тағы басқа мал өнімдерін тапсырудың міндетті тапсырмасын ойдағыдай аяқтап, артық өнімдерін мемлекеттік сатып алу орындарына көптеп сатуда. Осының нәтижесінде өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда быйыл облыс 65600 центнер сүт, 19812 центнер ет дайындау орындарына артық өткізді.

Облысымыздың жекелеген колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығы өнімдерін өткізуде жоғары көрсеткіштерге жетіп отыр. Мұндайлардың қатарына Приеним ауданының «Семеновод», «Новая жизнь», «Борьба» және Молотов атындағы, Октябрь ауданының «Шит», Ковнохов ауданының Молотов атындағы, Полудень ауданының «Память революции» колхоздарын қосуға болады. Бұл колхоздарда мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке міндетті түрде өткізу жоспарларын толық орындап шығып, бұл күндері артық өнімдерді мемлекеттік сатып алу орындарына өткізуде. Ол сатылған мал шаруашылығы өнімдерінен мыңдаған сом ақшалай пайда алды.

Бұл жұмыстарды жүргізуде жоғарыда аты аталған аудандардағы дайындау орындарының агенттері Әубәкіров, Переверзев, Жүсіпов, Иванов, Волков жоластар нәтижелі еңбек етті. Олар мал шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік сауда орындарына сату жөнінде колхоздармен және колхозшылармен алдын-ала келісім шарт жасасып, жоспардың мерзімінен бұрын орындалуына жетісті. Сөйтіп жүннің, сүттің, еттің, жұмыртқаның, тағы да басқа өнімдердің көптеп сатылуы жөнінде елеулі жұмыстар істеді.

Алайда, осындай жетістіктерге қарамастан, облысымызда мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке міндетті түрде өткізу, мемлекеттік сауда орындарына сату жоспарының орындалуы қанағаттанғысыз болып отыр. Мысалы, осы жылдың 1 октябріне дейін ет тапсырудың міндетті жос-

пары облыста тек 56,3 процент, сүт тапсыру 79,3 процент ғана орындалды. Ал жүн, жұмыртқа, тері сияқты міндетті тапсыру өнімдердің жоспары орындалуы да 40 проценттен асқан жоқ. Мұнымен бірге мемлекетке мал өнімдерін сату жұмысының барысы мүлдем қанағаттанғысыз. Облыс көлемінде ет сату жоспары 27,9 процент, сүт сату жоспары 65,9 процент ғана орындалды.

Бұл жұмыстар, әсіресе, Мамлют, Совет, Ленин, Полудень аудандарында өте баяу. Бұл аудандарда мемлекетке ет сату жоспарының орындалуы небары 6—12 проценттен ғана болып отыр. Сүт, жүн тапсыруда, әсіресе Приеним, Октябрь, Совет, Преснов аудандары мүлдем артта қалды. Шығында бұл аудандарда мал шаруашылығы өнімдерін көптеп тапсыруға және сатуға мүмкіншіліктері көп. Мәселе сол мүмкіншіліктердің пайдаланылмауында. Мұнымен бірге жергілікті дайындау, ауылшаруашылық және совет органдары бұл жұмысқа жете көңіл бөлмейді. Бұл органдар колхоз бен совхоздарда және колхозшылар арасында түсінік, насихат жұмыстарын аз жүргізді. Олармен алдын-ала келісім шарт кезінде жасалмады. Мал шаруашылығы өнімдерінің ерте өткізілуі—мемлекеттік маңызы зор іс екендігі жете түсіндірілмеді.

Облыстық тұтынушылар одағының қызметкерлері жергілікті жерлерге мал өнімдерін тапсырушыларға көңілді тұтынатын товарларды қажетінше жеткізе алмай келеді. Мұнымен бірге мал өнімдерін қабылдайтын мекемелер колхоздар мен совхоздардың және еңбекшілердің тапсырған өнімдерін кезінде қабылдамайды. Ал дайындау министрлігінің аудандық мекемесінің қызметкерлері мұндай кемшіліктерді жоюдың жедел шараларын қолданбайды.

Мемлекетке мал өнімдерін көптеп тапсыру—маңызды жұмыстардың бірінен саналады. Бұл күндері жоспарлардың әрбір колхозда, совхозда толық орындалуы қамтамасыз ету—дайындау және сауда орындары қызметкерлерінің жауапты міндеті болып саналады. Облыста мал өнімдерінің көптеп дайындауын қамтамасыз ету—халқымыздың бұл өнімдерге деген, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толығынан қанағаттандыруға келесі үлес қосады.

И. ВОЛЧЕНКОВ,

ССРО Дайындау министрлігі инспекциясының бас инспекторы.

Механизаторлар жемшөп дайындауда

Мамлют ауданы механизаторларына Николай Кулиновтың аты көптен мәлім. Ол бірнеше жылдан бері Ленин атындағы колхозда жемшөп дайындау жұмысында өзат көрсеткіштерге ие болып келеді. Ол

келген. Шөп машиналары барлық жерлерде өнімді пайдаланылып келеді. Әсіресе, Маленков, Ворошилов атындағы колхоздарда шөп шабуға жүрген механизаторлар Шабанов, Маленков, Ворошилов

Семинар өткізілді

ҚІЖО Приеним аудандық комитеті

дәрігерлер мен мектеп комсомол ұйымдары секретарларының бірлестік семинарын өткізді.

Семинар аудан мектептерінде комсомол және пионер ұйымдарының жұмыстарын жақсартуға, оқушыларды еңбекке, мәдениеттілікке, көркемөнерге тәрбиелеу мәселелеріне арнады. Семинарға қатысушылар аудандық оқу бөлімінің инспекторы Бурашова, аудандық пионерлер үйінің директоры Маслава, ҚЛЖО аудандық комитетінің секретары Шығайов жолдастардың баяндамаларын тыңдады.

Сонымен бірге семинарға қатысушылар өздерінің жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісіндегі тәжірибелерін айтып, көптің талқысына салды. Соның нәтижесінде семинарда пікір алысу кеңінен өрістеп, комсомолдар мен пионерлер арасындағы жұмыстың бұдан былай да жақсартылуына игі әсерін тигізетін болды.

Р. ХАМИТОВ.

Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебі жанындағы бастауыш партия ұйымында есеп беру-сайлау жыйналысы өтті, онда партия ұйымының секретары Тайжанов жолдас баяндама жасады. Баяндамашы өткен оқу жылында мектептің едәуір табыстарға жеткенін айтты. Мәселен, мектеп жасындағы балалар оқумен түгел қамтылған. Сондай-ақ, оқу-тәрбие жұмысының сапасы да едәуір жақсарды, соның нәтижесінде 6 оқушы мектепті алтын және күміс медальдармен бітіріп шықты. Мектеп үстіміздегі оқу жылын зор ұйымшылдықпен бастады.

Алайда, партия ұйымының жұмысында әлі де болса кемшіліктер бар екенін баяндамашы да, жарыссөзге шығып сөйлеген коммунистер де атап өтті. Бектұров, Жахин жолдас оқу-тәрбие жұмысындағы кейбір кемшіліктермен бірге, мектеп және колхоз партия ұйымдары арасындағы байланыстың нашар екеніне, сын және өзара

сынның мүлде төмен болып, оның кеңінен өрістеуіне партия ұйымының секретары Тайжанов жолдас оқушылардың жасын басшылық жасай алмағанына тоқталды. СОКП мүшелері Смағұлов, Ыбраев жолдас мектеп жанындағы интернатта тәрбиеленуші оқушылардың жатақханамен қамтамасыз етілуі нашар екенін, ал бұл іске Тайжанов жолдас оқушылардың қарап келгенін қатты сынады. Партия ұйымының секретары бола отырып, Тайжанов жолдас партиялық-ұйымдастыру және саяси-бұқаралық жұмыстарына нақтылы басшылық жасай алмағандығын жыйналыста басқа да бірқатар коммунистер атап көрсетті.

Жыйналыс кеңінен өрістеген сын және өзара сын жағдайында өтіп, партия бюросының мүшелері жаңадан сайланды. Сонымен бірге, жыйналыста аудандық партия конференциясына делегаттар сайланды.

ри сабақты азықтарды нәрлендіруге пайдаланылады. Быйыл колхозда тамыржемісті өсімдіктер егілген болатын. Одан 500 центнер өнім жыйналды.

Біз егінің сабағы мен топанын жыйнап маялауға ерекше назар аударудамыз. Бұл жұмыста 15 көлік жұмыс істейді. Олар күн сайын мал қоралары қасына екі-үш рет сабан өкеледі. 1 ноябрьге дейін барлық егінің сабағы мен топаны қораларға тасылып алынатын болады.

Біздің колхоздың колхозшылары мал шаруашылығының дағдыры шешілетін кезең — мал қыстатуды осындай толық әзірлікпен бастағалы отыр. Олар бұл маусымды ұйымшылдықпен өткізіп, келесі жылы мал басының көбеюін және мал шаруашылығының өнімділігі арта түсуін қамтамасыз етеді.

И. ТОЦНИЙ,

Кониюхов ауданындағы Молотов атындағы колхоздың председателі.

кен жылы Кулинов жолдас 2300 гектар шөп шапты.

Ол быйылғы жылы да алған міндеттемесін артығымен орындады. Осыған қарамастан Кулинов жолдас жемшөп дайындау жұмысын әлі де тоқтаусыз жүргізуде. Ол өткен бескүндікте өздігінен жүретін шөп машинасымен 200 гектар жердің шөбін шапты. Бұдан колхоз мың центнерден аса шөп маялады.

Кәзір Чапаев атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда өздігінен жүретін 8 шөп машинасы жұмыс істейді. Бұлардың барлығына да арнаулы тырнауыштар тір-

келеді. МТС механизаторлары жемшөптің берік қорын жасау мақсатымен колхоздарда шөп шабу жұмысын қарқынды жүргізумен бірге, қоғамдық малға құнды азықтың бірі — сабан мен топан жыйнау ісіне де ерекше назар бөлуде. Юдаков, Бабошко, Рагоза жолдас басқаратын оңат трактор бригадалары өздері жұмыс істейтін колхоздардағы дөңді егістік жердің сабан-топанын түгелдей жыйнап маялады.

А. СИДОРОВ.

Үлгілі бұзау күтуші

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында (Ленин ауданы) мал шаруашылығы саласында зор тәжірибесі бар көптеген малшылар істейді. Соның бірі Күләтай Оспанова жолдас. Ол 1951 жылдан бері бұзау күту жұмысында жүр. Қарауындағы бұзауларды шығынсыз аман өсіріп, қыс-

татуға қоңды тапсырғаны үшін Күләтай жыл сайын қосымша өнбек ақы алуға.

Үстіміздегі жылы оның қарауына 60 бұзау берілді.

Кәзір Күләтай өз қарауынан 6 айға толған 25 бұзауды қысқы мал күтушілерге қоңды етіп өткізді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЫҢ ЖЕРЛЕРІ

Тың және тынайған жерлерді игеруде Қазақстан көрнекті орын алады. Партия мен үкметіміз үстіміздегі жылы игеруде белгілеген 13 миллион гектар тыңның 6300 мың гектарын Қазақ ССР-ы көтеруге тиіс еді. Мұнда 1 августтың өзінде 7 миллион гектар тың көтерілді.

Республиканың осыныша тыңды тез игеріп шығуына байланысты Одақтық үкмет Қазақстанда тағы да игеруге жарамды бес жерлерді тексеруді ұйғарды. Тексеруде мұндай жерлердің әлі де көп екендігі байқалды.

Сондықтан мұнда тағы да 12 миллион гектар тың игеру тапсырылды. Совхоздар құруға тандан алынған тың участоктеріне жер қыртысын тексерушілер, жерге орналастырушылар және су техниктері экспедициялары жіберілді.

Быйылғы құрылған 92 совхоздан басқа Қазақстанда тағы да 200 совхоз ұйымдастыру ісі жоспарланып отыр. Қазақстандағы тың және тынайған жерлерді игерудің жалпы перспективасы осындай.

Қазақстанда тағы да 12 миллион гектар тың жер табуға бола ма? Біз, қазақстандықтар, бұған күмән келтірмейміз. Өйткені, Қазақ ССР-ы жазық далалы және игерілмеген тың мол алқап.

Мысал ретінде Ақтөбе облысын алайық. Ақтөбе облысы бойынша 1954—55 жылдары 300 мың гектар тың игеру белгіленген болатын. Кәзір онда тағы да 1650 мың гектар тың табу қажет. Мұндай тыңды табуға әбден болатындығы да байқалды. Ғылыми экспедиция Ақтөбе облысының бірінші аудандарында тың жер мол екендігін анықтады, атап айтқанда, олар — Бірғыз сияқты мал шаруашылықты аудандар.

Мұнда колхозшылар әлі күнге отарлы мал шаруашылығымен айналысып жүр. Аудан жері түгелдей дерлік күм, шөлейт, сортаң. Мұнда жыртқуға іздейтін жер де жоқ сияқты. Бірақ біз ауданның солтүстігіне барғанда тамаша қарақоңыр топы-

рақты жазыққа көз болдық. Бұл жерлер еңікәшан пайдаланылмай «тың» күйінде жатыр.

Қазақ ССР-нан ұшаң-теңіз тың алқап табуға болатындығына бұл бір ғана мысал.

Қазақстанның табиғат жағдайлары туралы бірнеше сөз.

Республиканың жер көлемі Украин ССР-нан 4,5 есе артық және бір ерекшелігі — мұның табиғат жағдайлары әр жерінде әртүрлі болуында. Қазақстанның солтүстік өңірі — негізінен дөңді дақылдар өсіретін шаруашылық жағдайына белгіделген жерлер. Бұл аймақ батыстан шығысқа қарай 2,5 мың километрге созылады.

Аймақ шынында қаратопырақты. Бұған — Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола және Павлодар облыстары жатады. Игерілмеген тың жерлердің көпшілігі де осыларда.

Солтүстік аймақ — дөңді дақылдармен айналысатын егіншілікті аудан. Мұнда техникалық дақылдар өсіруге ауа райы жағдайы мүмкіншілік бермейді және ол дақылдар үшін бұл жақ тым құрғақ. Өйткені, бұл жерлер көбінесе сайлы болып келетін ағашсыз жазық дала.

Солтүстік аймақтан оңтүстікке қарай әуелі шөлейт, одан Орталық Қазақстанға қарай барғанда, шөлге айналатын аймақ кез болады. Бұл егіншілік үшін назар бөлуге тұрмайтын еселден мал шаруашылығына, әсіресе, түйе, қой және жылқы өсіруге қолайлы аймақтар.

Қытай, Қырғызстан және Өзбекстанмен шектес оңтүстік өңірде мақта, темекі, саянт қызылшасы тағы басқа да халық шаруашылығына егіншіліктің аса құнды суармалы техникалық дақылдары өсіріледі.

Дөңді дақылдар мен тың жерлер, жағарыда айтылғандай, негізінен республиканың солтүстік облыстарында орналасқан. Мұнда күздік өспейді. Азлап күздік қарабидай өгіледі, бірақ одан алынатын

өнім тұрақты емес. Сондықтан мұндағы тың жерлер негізінен жаздық дөңді дақылдар үшін игерілуде. Негізгі дақыл — бидай, атап айтқанда, қатты бидай болып есептелінеді.

Қазақстан бидайының химиялық құрамы және технологиялық қасиеттері Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің «Егіншілік», «Астық» және ССРО Бас павильонының мәлідемелерінен белгілі. Онда Қазақстан бидайының белоктілігі және технологиялық сапасы жағынан Одақта бірінші орын алатындығы атап көрсетілген. Революцияға дейінгі кездің өзінде Семей бидайы Лондон астық біржасына мәлім болып және халықаралық астық рыногында жоғары бағаланғанды.

Қазақстанның тың жерлері осы күнге дейін неге игерілмеді? Мәселе республика территориясының көлемді болуында. Ол — 300 миллион гектар. Ал республиканың халқы табиғат байлығын толық меңгеру үшін мүлдем жеткіліксіз. Оның үстіне халықтың тең жартысы Қазақстанда орнаған түсті және қара металлургия, көмір, мұнай өндірістері сияқты ірі индустриялы кәсіпорындарында істейді. Көмір және мұнай өндіруге Қазақстан елімізде егінші орын алады. Ал түсті металлдар шығару жөнінде Қазақ ССР Советтер Одағында бірінші орынға ие.

Ауыл шаруашылығында Қазақстанның жарым халқы ғана істейді. Оның үстіне тұрғын халық негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Мұнда егіншілікке жүргендердің көпшілігі Қазақстанға революцияға дейін жерірілген переселенстер мен тың және тынайған жерлерді игеруге байланысты келген совет патриоттары.

Республикада егін шаруашылығы мақиналары да көп. Бірақ кісі жетіспейді. Быйылғыдай 7 миллионнан аса тың игеру керек болған жылы МТС және совхоз механизаторлары көпшілігінде нормалы уақытпен сапасымен істейді. Олар трактор-

шылар да, тіпті колхоздар тауып беруге тиіс тіркеушілердің де жетіспеуінен білдірмеді. Жалпыға бірдей өнбек алындығына бөленген механизаторлар танып атуы, күннің батуы тоқтаусыз жүрді. Тың игеру жөніндегі жоспардың асырыла орындалуы осының нәтижесі.

Қазақстандағы тың жерлер ерекше құнарлылығымен көзге түседі. Солтүстік Қазақстан облысы, Кониюхов ауданы «Путь Ленина» колхозында 1953 жылы 350 гектар тың жерге себілген егінінің әр гектарынан 30 центнерден өнім алынған. Көкшетау облысы (орманды алқапта), Рузаев ауданының «Путь к свету» колхозы 716 гектар тың участогінен 29 центнерден бидай алды. Ал Рузаев МТС-нің колхоздары 1953 жылы 2656 гектар алаңның әр гектарынан 33 центнер қатты бидай жыйнады.

Бұл келтірілген цифрлар Қазақстанның тың жерлерінің жоғары өнімді екенін күмәнсіз дәлелдейді.

Қазақстан егіншілігінің негізгі ерекшелігі болып есептелінетін не?

Бізге құрғақшылық жиі болып тұрады. Жауын-шашын жеткіліксіз. Оның үстіне жауын жыл маусымында әртүрлі болады. Жылдық жауын-шашынның үштен екісі — республиканың солтүстігінде түгелдей күзгі-қысқы кезеңде, тек үштен бірі ғана — көктем мен жаз кезінде болады; көктемгі егіс кезінде — құрғақшылық түседі де, егін жыйнауға кіріскен мезгілде жауын басталады.

Осындай күзгі-қысқы ылғалды тиімді пайдалану үшін қар тоқтату шараларына ерекше назар аудару керек болады. Колхоздар мен совхоздардың және ғылыми-зерттеу мекемелерінің көпжылдық тәжірибелері қар тоқтатудың ең тиімді түрі — парға және тыңа ықтырма егу екенін көрсетті. Ықтырма «қара дауылға» қарсы күреске де бірінші құрал. Қазақстан даласында секундына 15-18 метр шапшаңдықпен соратын күшті «қара дауылдар» егістің қары түгді, топырағын суырып әкетеді. Ал ықтырма «қара дауылдың» мұндай апатынан егістікті сақтап, қарды

мол ұстайтын етеді. Қар жақсы ұсталған жердің тоңы жұқа келеді. Сондықтан көктемде қар еріген кезде қатпай, құрғап жатқан жер ылғалды бойына мол сіңіреді.

Біздегі егіншіліктің екінші бір өзгешелігі пар және зяб жырту мәселесіне байланысты.

Орталық алқапта жалпы одақтың Европалық бөлегінде егініне мол өнім алудың басты шарты — зяб жырту деп есептеу әдетке айналған. Бірақ зябтың де зябі бар. Кейбір жерлерде, мысалы, Қазақстанда Солтүстік Қазақстан облысында зяб шығында мол өнім алуды қамтамасыз етеді. Өйткені, ол орманды жер сондықтан орман аралығында жыртқыш жерлерге қар көп тұрады. Ондай жерлерде зяб тамаша нәтиже береді.

Далалы ашық жерлердегі зяб өнімдері өсер етеді. Атап айтқанда, бұл пікір Арал бойындағы тәжірибе станциясының берген мәліметінде де анықталды. Сондай-ақ, колхозшылар тәжірибесі де осындай шешімді толықтыруда.

Сондықтан біздің қыс қар тоқтату үшін аңызды солай қалдырып, көктемде сыдыра жырту сияқты өз жағдайларымызға байланысты өзгерістер енгізе, топырақ өңдеу системасын Т. С. Мальцев әдісі бойынша жүргізуді қарастыруымыз керек болады.

Мұның да екі жақтылығы бар. Өйткені, біз жерді жыртпай қалдыру арқылы аңызда арамшөптің көбеюіне жол береміз. Біз бұл проблеманы ұзақ уақыт шешіп алмай жүруші едік. Мұны шешудің жолын колхозшылар көрсетті. Ақтөбе облысы аралық жүріп мен әлде қалай Журын ауданы, Сталин атындағы колхоздың тәжірибесіне кез болдым. Бұл колхоз ерекше аңызды ықтырма жасапты, яғни мұнда аңыздың төрттен үшті жыртқышы да, төрттен бірі жыртқыш ықтырма ретінде қалдырылады. Кәзір біз бұл тәжірибені Қазақстан территориясындағы барлық астықты егіншілікті аймақтарда кеңінен қолдануды ұсынып отырмыз.

Тың жерлерді игеру үшін техника жағында бірқатар сөз. Еліміз Қазақ ССР-на

көптеген техника бергенімен олардың бірі бірдей жарамды болып шықпады. Мұны мысалмен дәлелдейік. Бізге қау шөпті далаларда жұмыс істеуге тура келді. Мұндай даламен жүріп келе жатқанда аяқ астында жер кілемдей былқылдайды. Ыер қыртысының қалыңдығы сонша, оны кәдімгі плугтер әрең өрең қырқайды. Тіпті «С-80» сияқты күшті тракторлардың өзі екінші шапшаңдықпен бір плугті әрең тарғып жүреді. Мұндай шапшаңдықпен жүргенде қыртыс аударылмай, қызыннан түсіп отырады. Сондықтан қыртысты аударып түсіру үшін қосымша дискелі культиватор жіберуге тура келді.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жана плуг қойылған. Оның барлық орпистерінде де дискелі шыпақ бар және олар өдеттегіден әлде қайда жалпақ. Плуг 80 аттық күшті бар тракторларға рналып жасалған. Бұл біздің мөлшеріне қасау өнеркәсібіміздің тамаша жетістіктерінің бірі, сондықтан біз олардың Қазақстанды көктемге қарсы осындай плугтермен көрегінінше жабдықтауын талап етеміз.

Кәзіргі дискелі луцильниктер де біздегі тың жерлерді жұмыстауға жарамсыз болып шықты. Мұндай луцильниктер жер қыртысын зорға ұлатады. Оның үстіне олар өте жеңіл. Біздің оны ауырлату үшін істемегеніміз жоқ: үстіне тас тарттық, темір де бастырдық, бірақ еш нәтиже болмады. Плугтың жалпы конструкциясы жарамсыз екендігі байқалды.

Бірақ Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде Қазақстанның жер қыртысын жақсы жұмыстай алатын жана маркалы дискелі культиватор бар.

Біздің аса мұқтаж нәрсеміздің бірі — будырлы қаток. Тегіс қатоктар біздің жерде айтарлық нәтиже бермейді.

Қазақстанның тағы да 12 миллион тың жер игеруі үшін машина жасаушылардың нақты көмек көрсетулері қажет.

Профессор Ю. ЗЫКОВ,

**Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер,
Қазақ ССР Ғылым академиясының
толық мүшесі.**

Жолдастық, достық және махаббат туралы

«Адам деген ардақты ағ!» деген еді пролетариаттың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горький. Шындығында адам тек қана адам табиғатты бағындыра алады және өзі арман еткендей тұрмыс және өмір құра алады. Адам өз мақсатының жүзеге асуы үшін өзінің барлық творчестволық күні мен қабілетін жұмсауға тиіс. Ол тек қана күн көру үшін емес, адам баласының бақыты және оның сәулетті болашағы үшін өмір сүруге тиіс.

Жолдастық, достық және махаббат адамның бойындағы ең асыл, ізгі қасиет болып табылады. Елдімен «жолдас», «дос», «сүйікті адам» деген сөздердің өзінде адамгершіліктің аса тең мәңгі ұғымы бар. Бұл сөздердің өзі мүдде мен ойдың бірлестігін, адалдықты және шыншылдықты, сол сияқты, ізгі қасиетті бейімдейді.

Жолдастық, достық және махаббат сезімдері бір мақсатпен күресіп жүрген адамдардың арасынан туады. Бір ізгі тілекті мақсат етіп, соған жету жолында еңбектеніп жүрген адамдардың арасында туған жолдастық, достық және махаббат өздерінің негіздері жағынан терең, мақсаттары жағынан ізгі болады. Күрес неғұрлым қиындаған сайын, мақсат неғұрлым қиындаған сайын, бір сөзбен айтқанда, алға қойған мақсатқа жету жолындағы қиыншылықтар мен бөгеттер неғұрлым көбейген сайын жолдастық пен достықтың рухы нығайып, күші арта бермек.

Максим Горькийдің «Жолдас» деген тамаша әңгімесінде революциядан бұрынғы Россияның қайғылы еңбек өміріне «Жолдас» деген сөздің жаңа мазмұн, нұрлы сәуле әкелген қуанышы шеберлікпен көрсетілген. Осы сөздің әсерімен езілгендердің езушілерге қарсы ашу-ызасы еселеп артты, олардың ынтымақтастық сезімдері өсе түсті.

Жолдастық, достық және махаббат көзқарастары бір, мүдделері мен талаптары мазмұндас адамдардың арасындағы қатынасты бейнелейді. Адамның бұл сезімдерінің терең психологиялық мазмұны бар, өйткені, олар коллективтік өмірдің көріністеріне жатады.

Адамдар жолдастық пен достықты әрқашан жоғары бағалап келді. Бірақ өмір олардың ойдағыдай дамуына және нығайына әрқашан да қолайлы жағдай жасай бермейді. Мәселен, буржуазиялық қоғамның «қасиетті жеке меншіктілік» моралі адамдарға керісінше әсер етеді. Бұл мораль адамның адамшылық қасиеттерін жоғартып опасыздық, мансапқорлық, баюға ұмтылушылық, біреуді біреу алдау сияқты жиіркенішті қасиеттерге бой ұрғызады. Бұл мораль адамдарды бір біріне жау етеді. Оларды эгоистік, тұрпайылық сезімдерге жетелейді.

Капитализм кезінде адамдар арасындағы қатынас тек қана құрғақ есепке негізделеді. Маркс пен Энгельс буржуазия адамдары өз арасындағы қатынаста тек қана әркімнің жеке басының мүддесін ойлау сияқты жүрексіз, сезімсіз қасиетті гана қалдырды, деп айтқан болатын. Маркс буржуазиялық қоғамда адам адамгершілік қасиетімен емес, байлығымен

дар арасындағы жаңа қатынастар, адамның адамгершілігіне қарап бағалау қатынастары, шын достық және ынтымақтастық қатынастар туды. Бұл жағдай жолдастық, достық және махаббат сияқты адам бойындағы аса тамаша қасиеттердің гүлдене дамуына жол ашты.

Кемеңгер Ленин Совет өкметі орнағаннан кейін біз «әркім өзі үшін, бір күдік барлығы үшін» деген қарғыс атқан ережені жойып, бұқараның тұрмысына «барлығы бір адам үшін, бір адам барлығы үшін» деген ережені енгіземіз деген болатын.

Жолдастық дегеніміз не? Бірқатар адамдар жолдастық пен достықты бір сөз деп түсінеді. Рас, бұл екі сөздің мазмұны біріне бірі өте жақын. Бірақ, бұл екеуін бір түсінікпен қабылдауға болмайды.

Жолдастық дегеніміз тығыз ынтымақтасқан бір коллективке біріккен адамдардың сезімі. Бұл сезім коллективте қанша адам бар екендігіне байланысты емес. Қайта олардың бірлескен қиймындары мен күрестерінің мазмұнына байланысты. Жолдастық дегеніміз жалпы мағнада барлық совет адамдарын біріктіретін, бір қуатты коллективке топтастыратын ұғым. Біздің бәріміз бір советтік семьяның мүшесі болып табыламыз. Сол себептен де біздің барлығымыздың мақсатымыз біреу — ол коммунизм орнату.

Сондықтан да біздің елде осы мақсат жолында қол жеткен аса көрнекті табыстардың қайысы болсын бүкіл совет адамдарын қуанышқа бөлейді. Ал бір адамның қайғысына бізде барлық адамдар ортақ болады. Бұған мысал ретінде мына Фактині айтып өтуді өзі жеткілікті. Жазушы Константин Симонов өзінің «Орыс мәселесі» пьесасын жазған кезде ол мыңдаран совет адамдарынан —өзінің жолдастарынан құттықтаулар алды. Ал батыр қыз Зоя Космодемьянскаяның қазаға ұшырауы туралы хабар бүкіл елге тарағанда, совет халқы оның шешесін зор қамқорлыққа бөледі.

Социалистік кәсіпорындарында бірлескен социалистік еңбек адамдарды жалпы мүддесі бір коллективке біріктіреді. Бұл жағдайда әрбір адамның жеке еңбегі қоғамдық еңбектің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан адамдар өз жолдастарының еңбектегі жеке табысынан қоғамдық еңбектің табысын көреді. Біздің социалистік қоғамда өзара сенбеушілік пен бақталастық жоқ, оның орнына өзара жолдастық көмек бар.

Жолдастық рухының негізі — коллектившілдікте. Сондықтан да бізде адамдар коллектив арқылы және коллектив көмегімен тәрбиеленеді. Коллектившілдік неғұрлым кең дамығалы жерде жолдастық қатынас та солғұрлым нығая бермек, солғұрлым өмір бақыты өсіп, еңбек табысы арта бермек. Ал коллективтен қол үзген адам әрқашан дәрменсіздікке ұрынады, мұның өзі оны көп реттерде жат қылықтарға итермелейді.

Достық дегеніміз адамдарды байланыстыратын рухани күш. Адамдар арасындағы достық — өзара көмек, бірін бірі сыйлау қасиеттеріне негізделеді. Достық қасиеттердің қайнар көзі және түпкі негізі жолдастық болып табылады. Достық

сезім, Сталиннің секретарьлары Поскребышев және Двинский жолдастар былай жазады:

«Сталин жолдас Ленин туралы үнемі ойлайтын. Тіпті оның ойы шешілуге тиісті проблемалармен толы болған кездің өзінде, оның қолы өзінен өзі ақ қағазға «Ленин ұстаз, дос...» деген сөздерді жазып отырушы еді».

Достық, әресе, балалық шақта өте қажет. Бұл кездерде балалар бірі мен бірі оңай табысады және олар өздеріне жылдам дос тауып алады. Балалық шақта болған достық адам өскен сайын көзқарастардың және мінездің қалыптаса бастауына байланысты нығая түседі. Шындығында өзінің жастық шағында достарын кейіннен аса бір тәтті сезіммен еске түсірмейтін адамды кездестіру қиын-ақ.

Жас кездегі достық кей кезде адамның бүкіл өміріне өз ізін қалдырады. Әресе, екі дос бір біріне игілікті әсер етіп, бойларындағы кемшіліктерін жоюға өзара көмектесе, бұл достықтың өмірі ұзақ, мазмұны терең бола бермек. Кей кезде балалық шақта ер және қыз балалардың арасында болатын достық кейіннен махаббатқа айналады. Бұл заңды да. Көзқарастары бір, мақсаттары ортақ, мүдделері жалпы екі жастың махаббатқа айнамай достығы әрқашан бақытты, жарасты семьяға негіз болады.

Бірақ, балалық шақта болған достықтың бәрі бірдей сәтті бола бермейді. Өсе келе бұл достық суып бастайды. Бұл көбінесе олардың өмірге көзқарастарының үйлеспейтіндігінен туады. Өйткені, шын достық мүдделері бір, көзқарастары үйлесімді адамдардың арасында ғана туады.

Достықты нығайту еңалдымен шын досты таңдап ала білуге байланысты. Әрине, бұл реттерде адам бойындағы сезім көп роль атқарады. Егер саған бір адам ұнаса онымен жақындаспау, сөз тартып сөйлеспеу қиын. Бірақ дос таңдап алуға еңқашан сезімнің жетегіне еріп кетуге болмайды. Бұл жағдайда ақыл-ой сезімге басшылық етуге тиіс.

Дос таңдап алуға мына терең мазмұнды халықтық мақалды естен шығармау керек. Өйткені, «Сен маған өзіңнің достарыңның атын ата, мен сенің кім екендіңді айтып берейін» деген сөз тегін айтылмаған.

Адалдық, шын берілушілік, сыйлаушылық — шын достықтың шын қасиеттері.

Достық принциптік түрде болуға тиіс. Бізде кейбір адамдар өздерінің достары алдындағы міндетін толық түсінбейді. Кейбір адамдар достарының жөнсіз қылығын көре тұра, оған өзінің шын берілгендігін білдіремін деп оның бұл қылықтарын мақұлдайды, я болмаса, көңілін қалдырып алмау үшін досының кемшіліктерін бүркемелейді. Өмірдегі жалған достар деп міне осындай қатынастағы адамдарды айтады.

Дос адамның мінезі мен сөзіне және қылығына әрқашан принциптік түрде қарау керек. Егер сенің достасқан адамың тура жолдан тайып бара жатса, оны тура жолға қайта түсіру — сенің қасиетті борышың.

Нұтфолла ШАКЕНОВ

АҚЖЕЛЕН

I.

Шар болат ұшқындап,
Қызуы тынбайды.
Гүлің қыз тындап,
Білегін шындайды.
Цех іші алып, кең,
Асыққан қозғалыс.
Мұнда да уақытпен
Жарыса озған іс.
Станок зыр қағып,
Тасқынды күш біткен.
Ақжелен тұр нағыл,
Сөз қайда біз күткен.
Минуттер ілесіп,
Шар болат ойнайды.
Келген соң тілдесіп
Қайтпасқа болмайды.
—Құрбыжар, бір талай
Тосқалы кез өтті,
Деменің, бұл қалай,
Билесіз газетті...
—Дұрыс ақ бетіңіз,
Тілшіні сыйлаймыз.
Кешірім етіңіз,
Минутты қыймаймыз.
Сөз жұту тым ауыр,
График... сенсеңіз.
Болар ед шын тәуір,
Қол баста келсеңіз.
Сөз жайып ұққан ек,
Белгілі, не дейміз...
Жүйткіген станок,
Қалайша бөгеміз?
Қайтеміз, көнеміз,
Қыз жақта күш, ерік,
Тағы бір келеміз,
Жоспарлы өчерк.
Келістік әдемі.
Айтса егер, қыз аяық.
Бұл сапар әдейі
Заводтан ұзадық.

II.

Арада күн ұзап,
Өткен жоқ бір апта.
Мінекей, қызық-ақ,
Өнінші бірақ та.
Уәде осы ма,
Қалайша алдады.
Тоқарь қыз Досова
Заводта болмады.
Дауласақ кім жеңер,
Әділдік біледі.
Кездесіп инженер,
Әзілдеп күледі.
—Шынында қызық іс,
Ол кетті... Вокзалда.
Көңбеңі қызымыз,
Айтып ек, қозғалма—
Деген соң кідіріп,
Сөз қуып тұрмадық.
Жүрмедік қидырып,
Таксимен зырладық.

III.

Вокзалдың кең үйін
Орапты гүл шоғы.
Жұрт қалың, ең қыйың—
Кім бары, кім жоғы.
Тезірек жол болып,
Келсе екен бір жөні.
Көшпшілік қол соғып,
Қоршапты мөнбені.
...Ойы-рау осы ғой,
Қалайша жаңылдық.



Докучаев атындағы астық совхозында жаңадан ашылған магазиннің сатушысы Ләтипа Макина жолдас тұтынушыларға үлгілі қызмет етеді. Суретте: Ләтипа Макина жұмыс үстінде. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Колхозшыларды мәдениетті кампудамыз

Преснов ауданындағы «Баян» ауыл-шаруашылық артелінің жыл сайын қоғамдық шаруашылығы өркендеп, экономикасы нығайып келеді. Колхоздың ақшалай және заттай табыстарының артуы колхозшылардың мәдени және тұрмыстық қажеттерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беруде.

Колхоз еңбекшілерін мәдениетті қамтуда оқу үйі бірқатар игілікті жұмыстар мыстан бес уақытында келіп кітап, газет, журналдар оқуына, шахмат, дойбы, домно ойнап, мәдениетті түрде дем алуларына толық жағдай жасалған. Оқу үйінің іші түрлі ұрандармен, көркем плакаттармен безендірілген, колхоз шаруашылығының өсуі жолын бейнелейтін диаграммалар ілінген. Оқу үйінің кітап қорында 2 мыңға жуық көркем, саяси және ғылыми әдебиеттер бар. Кітап оқушылардың саны да көбейіп, қазір 370 адамға жетіп отыр. Колхозшылар Р. Наурызбаев, С. Тұралин және басқалары оқу үйінің тұрақты кітап оқушылары болып саналады.

Оқу үйі кітап оқушылар конференциясын жиі өткізеді. Конференция өткізуге ауыл интеллигенттері, колхозшылар мен механизаторлар белсене қатысады. Оқу үйінде ауыл шаруашылығының мамандары, оқытушылар мен колхозшылардан құралған актив бар. Олар оқу үйінің жұмыс жоспарын жасауға көмектеседі, оны жүзеге асыруға атсалысады, партия, комсомол ұйымдарымен келісе отырып лекциялар оқуды, әдеби кештерін өткізуді ұйымдастырады. Сол сияқты, қабырға газеттері мен жауынгерлік листовтар шығаруға көмектеседі.

Оқу үйінің жанында ұйымдастырылған көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы да жақсы жолға қойылған. Үйірме жұмыс-

тарына керекті музыкалық аспаптар да жеткілікті. Біздің колхоздың көркемөнерпаздары үстіміздегі жылғы көркемөнерпаздардың облыстық байқауында жақсы табысқа жетіп, екінші орынға ие болды. Олар колхоздағы орта мектептің көркемөнерпаздар үйірмесімен бірлесіп отырып, шөп шабу және астық дайындау науқаны кезінде колхозшыларға оңдаған концерттер берді. Қазір үйірме Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесіне арналған үлкен концерт дайындауда. Концерттің программасында қазақтың халық әндері мен совет композиторларының шығармалары бар. Сонымен бірге мерекенің еңбекшілерге пьеса қойып көрсетпек.

Айта кету керек, үйірменің табысты жұмыс істеуіне кездесіп отырған кедергілер де бар. Колхоз клубында үйірмелердің жаттығу жұмыстарына арналған бөлмелер болатын. Колхоз басшылары бұл бөлмелерді күс қорасына айналдырды. Соның салдарынан үйірмелер бұл бөлмелерді жаттығу жұмыстарына пайдалану мүмкіншілігінен айырылып отыр. Бұл үйірмелердің жұмысына едәуір дәрежеде нұқсан келтіруде.

Жақында Қостанай облысы, Таран ауданының еңбекшілері мәдени-ағарту орындарының жұмысын жақсарту жөнінде орынды бастама көтерді. Біз олардың үндестерімен таныса отырып, жұмысымызда әлі де елеулі кемшілік бар екендігін аңғардық. Бұл кемшіліктерді жоюдың шараларын белгілеп, колхоз басшылары мен ауылдық Советтің алдына керекті көмек сұрап, талаптар қойдық. Сөйтіп оқу үйінің жұмысын жақсарту жолында бұдан былай да еңбек ете береміз.

Н. БАКИН,

Баян ауылдық Советі жанындағы оқу үйінің меңгерушісі.

Ал махаббат буржуазиялық қоғамда сатылатын және сатып алынатын затқа айналды. Көзіңіз уақыттың өзінде де империалистер үстемдік жүргізіп отырған елдерде махаббат товар есебінде есептелінеді. Бұған буржуазиялық газеттерде арнаулы бөлім болып жарияланатын нежелеу жариялауларына көз салу жеткілікті. Мұндай жариялаулардың авторлары өздерінің дене сұлулықтарын ұятсыздықпен айта отырып, «өмірлік жолдас» деп аталатын товардың қаншалықты бағаға сатылатындығын, онымен бірге қаншалықты дүние қоса берілетіндігін атап көрсетеді.

Буржуазия адамдардың аса тамаша табиғи қасиеттеріне өзінің былғанышты ізін қалдырды. Бұл қоғамдарда адамдардың таза және қымбатты адамгершілік сезімдері аяққа басылып отыр.

Классиктік көркем әдебиет буржуазиялық қоғамдағы адамдардың қайғылы тағдырын көптеп суреттен берді. Мәселен, ұлы жазушы Л. Толстойдың «Анна Каренина» романындағы Анна еркін және бақытты өмір сүруге, адал махаббатының тілегін орындауға ұмтылады. Аристократиялық қоғам қатал айыптаған бұл махаббат алаштан аяқталады. Анна Каренина қаза табады. Бұл сыяқты жағдайды Джек Лондонның «Мартин Иден» романынан да көруге болады. Қажырлы күрес нәтижесінде даңқ, атақ, байлыққа ие болған жазушы Мартин Иден өзінің рухани дүниесінің байлығынан айырылады. Ол мақсатты өмір туралы арман етіп, бұл қоғамда өмір сүруге болмайды деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, теңізге батып өледі.

Екі тап—пролетариат пен буржуазия кесілескен күрес үстіндегі буржуазиялық қоғамда әлеуметтік теңдік пен ұлттық тәуелсіздік туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бұл қоғамда әйелдің ролі бала, асхана, киім және шіркеу деген төрт міндетпен анықталады. Бұл сыяқты қараңғылық түнегінде отырған қоғам өмірінде нағыз достық пен махаббаттың болуы да мүмкін емес. Сондықтан да ұлы ақын Владимир Маяковский өзінің «Парижанка» деген өлеңін мына сыяқты буржуазиялық қоғамға деген әшкерелегіштік сөздермен аяқтаған еді.

Парижда
әйел үшін
өте қыйын,
егер ол
сатылмаса,
еңбек етсе.

Өткен уақыттарда барлық адамдардың арасындағы жолдастық, достық және махаббатты уағыздайтын біріккен «мораль» туралы аз сөз болған жоқ. Бұл, әрине, адамды адам қанайтын қоғамда тек қана қыял дәрежесіндегі ой еді.

Тек езуші таптарды жойғаннан кейін ғана жолдастық ынтымақ, барлық халықтардың тығыз топтасуы мүмкін болады. Советтік социалистік құрылыс барлық әлеуметтік теңсіздікті, ұлттық бөгеттерді жойды. Совет Одағы бір семьяға біріккен көп ұлтты мемлекетке айналды. Олардың жолдастықтары мен достықтары барған сайын нығая түсті. Совет Одағында адам-

та жолдастықтың барлық қасиеттері бар. Бірақ, достық жолдастықтан гөрі аса жақындықты бейнелейді. Шындығында коллектив арасындағы жолдастар өздеріне дос ретінде сан-алуан адамдарды таңдап алады. Дос адамдар бір біріне тек күрестерінің бір мақсаттылығына және идеялық көзқарастарының жақындығымен ғана емес, бірін бірі өзара терең құрметтеушіліктен, терең түсінушіліктен туады. Адамдар үшін дос табу оның табиғи қасиетіне айналады. Шын достық олардың мүдделерін біріктіріп, істе тағдырларын ортақтастырады.

Грузияның ұлы ақыны Шота Руставели өзінің мәңгі өшпес шығармасы «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасында адамдар арасындағы достықты зор шабытпен жырлайды.

«Кімде-кім өзінің жақындарынан дос іздемесе, ол өзіне қас жау» бұл терең мазмұнды сөз. Шындығында да кімде дос жоқ болса, ол адам үшін өмір қызығы да аз болмақ.

Достықтың адам өмірі үшін зор маңызы бар. Достық көп реттерде адамның бүкіл өмір бойына үлкен із, терең ой қалдырады.

Достық туралы айтқанда біздің есімізге әрқашан Маркс пен Энгельстің арасындағы тамаша достық түседі. Өмірде достықтың шын тамаша үлгілерін көрсеткен бұл сыяқты адамдарды кездестіру қиын-ақ, «Маркс өзінің досы үшін зор мақтаныш сезіміне бөленуші еді, ол Энгельстің терең ойын және рухани қасиеттеріне маған зор қанағаттанғандық сезімімен айттып келді. Ол өзінің досын көрсету үшін менімен бірге Манчестрге келді», — деп жазады Марстың семьясына аса жақын, оның қызының күйеуі, француз социалисті Поль Лафарг.

Бұл екі ұлы адамның арасындағы достық жалпы идеялық бір көзқарастан, бірлескен күрестен, бір біріне деген аса терең сыйластықтан және бір біріне өзара әсер етушіліктен туған еді. Ұлы Ленин егер Энгельс болмаса, Маркс өзінің «Капиталын» аяқтамақ түгіл, жоқшылықтың ауырталығынан сөзсіз қаза таба бер еді деп жазды.

Пролетариаттың ұлы көсемі, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін салушы Владимир Ильич Ленин мен оның ісін кеменгерлікпен алға апарушы Иосиф Виссарионович Сталиннің арасындағы достық тарихта сирек кездесетін жағдай. Ленин әрқашан Сталинді жүрек тербетерлік қамқорлыққа алып, оның денсаулығы туралы үнемі қам жеп отырды. 1921 жылдың екінші жартысында Сталин ауырған кезде Ленин оның денсаулық жағдайын үнемі бақылап отырды. Мәселен, 1921 жылы 17 июльде Тифлиске Орджоникидзеге «Еңалдымен Сталиннің денсаулығы жөнінде және дәрігерлердің бұл туралы пікірі жөнінде хабарлауынды сұраймын» деп жазды. Ал бір апта өткеннен кейін Ленин телеграф арқылы Сталинді емдеуші дәрігердің аты жөнін сұратты.

Сталин өзінің ұлы ұстазын аса жоғары бағалады. Оған шексіз берілген еді. Мә-

«Досты іздеуге болмайды, таңдап алуға болмайды, достар ойламаған, белгісіз жерден кездеседі. Өмір жағдайы мен үйренушілік достықты нығайтады. Адал достар... бірінен бірі достық үшін ешнәрсе тілемейді де, бірақ бірінен бірі қолдарынан келгенін аямайды» деген болатын. Дос болу үшін еңалдымен адамның өзі адамгершіліктің асыл қасиеттерін бойына дарыта білу керек.

Махаббат— шын достықтың негізінен туатын адамгершіліктің аса бір асыл қасиеттерінің бірі. Махаббат адам өмірін іштей байытады, оған сән береді. Ол қоғамдық өмірдің, адамдар арасындағы қатынастардың бір көрінісі. Махаббат тек қана екі адамның бір бірімен әлеуметтік теңдігі қамтамасыз етілген жағдайда ғана терең мазмұнға ие болады. Сондықтан да Белинский «Махаббат еркіндікті тілейді... махаббат біздің өміріміздің, біздің жастығымыздың гүлі...» деп жазған еді.

Махаббат дегеніміз адамдардың бірін бірі шын және терең түсінушілігінен туатын қасиет. Шындығында егер екі жас бірін бірі сырттай емес, іштей білгенде, олар бірі мен бірі сөзбен емес, жүрекпен түсініскенде ғана шын махаббатқа ие бола алады. Мұндай махаббаттар еш уақытта да суысушылықты, бір біріне жатысушылықты білмейді.

Махаббат адамдар үшін өмірдегі аса қажетті қатынастардың бірі. Шындығында өмірдің мазмұндылығы және бақыттылығы көп реттерде осы шын махаббатқа байланысты болады.

Кейбір адамдар қызғанушылықты махаббаттың бір қасиеті деп түсінеді. Бұл өте қате ұғым. Қызғанушылық дегеніміз ең алдымен бір адамды көре алмаушылықтан туады. Кейде оның туу себебі адамдардың өзіне өзі сенбеушілігінен, өз махаббатының адалдығына берік сене алмайтындығынан да болады. Кімде-кім шын беріле сүйсе, өзіне өзі сеніп өз махаббатының адалдығына күмәндай-баса, ол алам ешуақытта қызғаншақтыққа ұрынбайды.

Қызғаншақтық адамның адамгершілік қасиеттерін мұқалтады, кей реттерде оны жат қылықтарға ұрындырады. Кімде-кім қызғаншақ болса, ол өз бойындағы, өз санасындағы капитализмнің қалдықтарынан арыла алмаған адам. Өйткені, қызғаншақтық буржуазиялық қоғамның жағдайында, жеке меншіктілік моральмен байланысты туған қылық.

Махаббат дегеніміз адам өмірін көріктендіретін, оған мазмұн беретін қатынас. Сондықтан да адал махаббат әрбір адамның оны қасиеттеуін талап етеді.

Жолдастық, достық және махаббат — адамның ең асыл адамгершілік қасиеттері. Осы қасиеттердің арқасында совет адамдары өздерінің игілікті мақсаттары жолында қажырлылықпен еңбек етіп зор табыстарға ие болды, сын сағаттарда жауды жеңіп, жеңіс күнін тойлады. Ал көзір осы қасиеттердің арқасында олар коммунизм құру жолында қарқынды еңбек етіп, тарих көрмеген жаңа табыстарға жетіп отыр және жете бермек.

Қ. НҰҒЫМАНОВ.

Дегенмен, аңырдық.
Тоғарь қыз біз көрген,
Дәл өзі таныңдар.
Өңінде өзгерген
Басқа бір жалын бар.
Жалт еткен металдай,
Жанары бұрынғы.
Енді ұзап кете алмай,
Алжелең бұрылды.
—Көшігіп кетіп ем,
Асықтық, тоспадым.
Көшігіп өтінем,
Өкпе етпе, достарым.
Горкомге кеше біз,
Барған ек көбіміз.
Тың жерге көшеміз. —
Жолдама, көріңіз.
Жол болсын!

Деген жөн.
Шыққанда көш өрің.
Бірақ та,
бөгелген

Қалайша өмерк?...
—Айтар ем, жазсаным.
Тың жерді, жастарды.
Өмірге бастаныз
Өмерк, жоспарды.
Мін таққын екен деп,
Көңілге алмаңыз.
Тәжкімен жетем деп,
Көшігіп қалмаңыз.
Деді де қыз өзі,
Бұлді жас балаша.
Қызық-ау мінезі,
Мінезі тамаша.
Қара көз ұрланып
Қарайды сыпайы.
Алдымда нұрланып,
Тұрса екен ұдайы.
Паровоз қозғалып,
Жанымыз дір етті.
Көш деген сөз қалып,
Тошқыты жүректі.
Тың жерге шақырып,
Аттаңды Алжелең.
Жаңаша тақырып,
Тілейді жақсы өлең.

ҮЛГІЛІ КИНОМЕХАНИКТЕР

Октябрь ауданының озат киномеханиктері өз жұмыстарын үлгілі ұйымдастыра отырып, ауыл-село еңбекшілерін киномен қамтуда жаңа табыстарға жетуде. Аудан орталығындағы тұрақты киностанцияның механигі Колесов жолдас үшінші тоқсанда жоспар бойынша 112 киносеанс көрсетіп, 14500 адамды киномен қамтуға тиіс еді. Ол бұл жоспарды артығымен орындады. 131 киносеанс көрсетіп онда 23.700 адамды қамтыды. Сол сыяқты, Олгинка селосындағы тұрақты киностанцияның механигі Ильин жолдас та табысты еңбек етіп, 8448 адамды киномен қамтыды.

Бұлардан жылжымалы кинолардың механиктері де қалысқан жоқ. Мәселен, киномеханик Ф. Ожерельев жолдас өз қамтуындағы 20 елді пункттердің еңбекшілеріне кино көрсетіп жүр. Оның айлық тапсырмаларды орындамаған кезі болған емес.

Т. АСЫЛБЕКОВ.

Еліміздің өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы жыл сайын жаңа күрделі техникалармен толықтырылып келеді. Оларды басқарып жұмыс істеу үшін жоғары мамандығы бар жұмысшы кадрлар керек. Бұл мәселеге зор мән бере отырып, СССР Министрлер Советі жанындағы еңбек резервтерінің бас басқармасы үстеміндегі жылы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларына маман кадрлар даярлайтын арнаулы техникалық училищелер құру туралы қаулы аяды.

Осы қаулыға сәйкес құрылған училищелердің бірі—Балхаш қаласындағы № 2 техникалық училище. Училище еліміздің өнеркәсіптерінде және құрылыстарында жұмыс істеу үшін жоғары мамандығы бар жұмысшылар мен кіші техникалық қызметкерлер әзірлейді. Училищеге оқуға түскендер таңдап алған мамандықтарына байланысты бір немесе екі жылдың ішінде бу турбиналары мен жүк көтергіш крандардың машинисі, электрогазосварщик, комекші, электр станцияларының кезекшісі, токарь, слесарь, құрылысшы мұқалатшы және басқа мамандықтарды меңгеріп шығады. Училищеге орта білімі бар азаматтар емтихансыз қабылданады және оны бітіріп мамандық алғандар еліміздің сырттан оқылатын институттарына конкурссыз қабылданады.

Училищеге жасардың жаң-жақты білім алуы үшін толық жағдай жасалған. Про-

граммаларда жалпы техникалық білім беру және арнаулы мамандық беру қарастырылған. Оқу жақсы жабықталған лабораториялар мен мастерскойларда, ал өндірістік практика жұмыстары заводтар мен құрылыстарда жүргізіледі. Училищенің оқытушылар құрамы жоғары білімді инженерлерден, тәжірибелі мастерлерден іріктеліп алынған.

Мұнда оқушылардың тұрмыстық қажеттерін өтеуге де көп көңіл бөлінген. Училищеге қабылданғандар 235 сом мөлшерінде стипендия алады және тегін жатақханамен қамтамасыз етіледі. Ал Отан соғысы мүгедектері мен еңбек мүгедектерінің балалары және балалар үйлерінде тәрбиеленгендер үш мезгіл тегін тамақпен, киіммен қамтамасыз етіліп, 50 сом мөлшерінде стипендия алып отыратын болады. Училищеге түскісі келетіндер еңбек резервтерінің облыстық басқармасына келіп жолығуларына болады.

Училищенің болашағы өте зор. Ол еліміздің өнеркәсіптеріне мыңдаған маман жұмысшы кадрларын даярлап беретін болады. Орта мектеп бітірген жастар училищеге түсіп, мамандық алулары керек.

Ф. ВОЛНЯНСКИЙ,

Балхаштағы № 2 техникалық училищенің оқу ісінің меңгерушісі.

„ЛЕНИН ТУЫНЫҢ“ ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

„Колхозшылардың мәдени-тұрмыстық қажетін өтеуге көңіл бөлінбейді“

«Ленин туының» осы жылы 12 сентябрьдегі номерінде осындай тақырыппен жарияланған мақала жөнінде Совет аудандық Совет атқоғамының председатели Живулина жолдас бізге мынаны хабарлады:

Аудандық Советтің 7-сессиясында мәдени-ағарту жұмыстарының жайы және оны жақсарту шаралары туралы мәселе талқыланып, аудандағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысындағы болып келген кемшіліктерді дереу жоюдың маңызы шаралары белгіленді. Ауыл-селолық Советтер мен колхоз председателдеріне ас-

«Табысқа тоқмейілу неге әкеліп соқты» деген тақырыппен газетіміздің осы жылғы 17 августтағы номерінде жарияланған мақалада қаладағы «Молот» артелинің жұмысындағы кемшіліктер сыңға алынды.

ҚКП Петропавл қалалық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі

Газетіміздің осы жылғы 3 августтағы номерінде «Деректі бригадир» деген мақала және 3 октябрьдегі номерінде «Таяқ жемейін десең арақ бер» деген тақырыппен фельетон жарияланды. Бұларда Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозының бригадирі Сейіт Медетовтың маскүнемдікке салынғандығы, қызмет бабымен пайдаланып, колхозшыларды жәбірлеу, ұрып-соғу

тық құйылған мәдениет мекемелерінің үйлерін дереу астықтан босатып беру ұсынылды.

Көзір жергілікті жерлерде ауыл-селолық Советтер мен колхоз басшылары мәдени-ағарту мекемелерін үймен қамтамасыз ету шараларына қарастыруда.

«Аралаған» колхозында колхоз клубы жөндеу 1 ноябрьге толық аяқталмақ. Астраханьқа селолық клубының, Власовка, Шарлы селолық оқу үйлерінің, Совет МТС-нің, Рублевка селосының кітапханаларының үйлері төртінше келтірілуде.

Гречкосеев жолдас редакцияға, мақалада көрсетілген фактілер тексерісте толық анықталды, бұл мақаланы артельдің бас-тауыш партия ұйымы өзінің жыйналысында талқылап, онда көрсетілген кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгіленді.

Сыяқты жолсыздықтар істеп жүргендігі айтылған болатын.

Совет аудандық прокуроры Әуелбеков жолдас редакцияға, газет мақалаларында көрсетілген фактілер толық анықталды деп хабарлады. Зерт жүргізу аяқталып, Медетовты жауапқа тарту үшін оның ісі сотқа берілген.

Роза Бағланованың концерті

Қазақ ССР-ның еңбегі сіңген артисткасы, Қазақстың Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясының әншісі Роза Бағланова осы жылдың февраль айында ғана қазақ еңбекшілерінің алдында концерт берген болатын. Бірақ ол концерттің программасы тым қысқа және әжекедеген номерлер орындаушының өз мүмкіншілігінен төмендеу шыққан болатын. Тыңдаушы жұртшылық Розаның әншілік табыстарын құттықтай отырып, өзінің шеберлігін жетілдіре түсуіне тілек білдірген еді. Әнші бұл сынан орынды қортынды шығарған сияқты. Өйткені, концерттің программасы анағұрлым кеңейтіліп, жаңа мазмұнды әндермен толықтырылған. Мұны Бағланованың қаладағы Ленин атындағы теміржолшылар клубында қойған концерті айқын байқатты.

Концерт композитор Брусилковскийдің «Бейбітшілік туы берік қолда» әнімен басталды. Розаның нәшіне келтіре орындаған бұл әні тыңдаушыларды бірден-ақ сүйсіндірді. Совет халқының бейбітшілікке деген ынтасын, оның туысқан Коммунистік партия төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасқандығын жыр ететін бұл әнді ол орыс және қазақ тілдерінде үлкен шеберлікпен орындады. Қазақтың халық әндері «Сәулемей», «Ақау керім», Қойшыбаевтың Абай сөзіне жазған «Қалжамай» әндері де жақсы орындалды. Роза репертуарының бір жұлдыз жері сол—оған халқымыздың бақытты өмірін, еңбектегі ерлігін жыр ететін Байқадамовтың «Шаттық жыры», Еспаевтың «Маржан қыз» сияқты әндер көптен енгізілген.

Роза Бағланова тек қазақ әндерін ғана емес, ССРО халықтарының әндерін де шебер орындайды. Концертте ол Белорустың халық әні «Чебарок», Әзбектің халық әні «Ай-ай жан», Лифатовтың «Атақты тракторшы» әндерін орындауда асқан шеберлік көрсетті. Ал, тың жер игеруге байланысты колхозды даладағы тамаша өзгерістерді жыр ететін «Колхоз частушқаларын» жұртшылық қызыға тыңдап, әншіні сахнаға бірнеше рет қайта шақырды.

Роза жақында Кореяға барып өз елінің

бостандығы мен тәуелсіздігін ерлікпен қорғап қалған жауынгер халықтың әмірімен, бай иектестікпен танысқан болатын. Кореялық достары оған бірнеше әндер үйреткен. Сол әндердің ішінен Роза концертте «Гүл», «Булақ бойында» әндерін орындады. Әсем дауыспен ұлттық ерекшелігіне келтіре орындалған бұл әндер жұртшылықты аса риза етті. Сол сияқты, концертте Румынның, Қытайдың, Поляктың әндері де табысты орындалды.

Пианинода ойнаушы Семен Боганның орындауындағы композиторлар Рахманинов, Лист және Шопеннің шығармалары сәтті шыққан номерлердің бірі.

Концертті жүргізуші көркемөз шебері Раиса Долгова Степан Шипачевтың сүйсіспеншілік туралы әндер циклының бірнеше әндер оқыды. Дегенмен, ол концертті салқын жүргізді және оның репертуарында еліміздегі еңбек өрлеуін, еңбекшілердің қажырлы еңбектерін көрсететін ешқандай шығарма жоқ. Бұл жағдай концерттің идеялық дәрежесіне әдеуір нұқсан келтіреді.

Әжекедеген кемшіліктеріне қарамастан тыңдаушы жұртшылық талантты әнші Роза Бағланованың концертіне ризашылық білдіріп, қаламызға бұдан былай да жиі келіп тұруына тілек білдірді.

Розаның концерт бригадасы кәзір республикамыздың тың жер игеруші патриоттарына концерттер беріп жүр. Ол Қостанай облысының еңбекшілеріне концерттер бергеннен кейін облысымыздың Преснов ауданына келген болатын. Мұнда жаңадан ұйымдастырылған Жамбыл атындағы, Украин астық совхоздарында, Преснов, Майбалық, Баян, МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда болып, ондағы концерттер берді.

—Мен,—дейді Роза,—тың жер игеру сияқты өте маңызды іс атқарып жүрген патриоттармен кездесіп, олардың тамаша еңбегінен зор әсер алдым. Бұдан былай өз репертуарымды осы еңбекті жыр ететін жаңа шығармалармен толықтырмақпын.

В. СУЛЕЙМЕНОВ.

Баспасөз тарату ісін ұйымшылдықпен және табысты өткізейік

Кәзір облысымызда жаңа 1955 жылға газет, журналдарға жазу ісі жүргізілуде. Быйыл облыс байланысшылары алдында еңбекшілер арасында өткен жылға қарағанда 16 мың сомын баспасөзін артық тарату міндеті тұр.

Баспасөз тарату, еңбекшілерді газет, журналдармен толық қамту, оларды иелеріне үнемі деркезінде табыс етіп отыру байланыс орындары қызметкерлерінің абройлы міндеті болып саналады. Газет, журналдар тарату саяси маңызы зор іс екендігін, бұл жөнінде өздерінің алдында тұрған міндеттерді жете түсінген облысымыздың бірқатар аудандық байланыс ме-

тябрьге дейін баспасөз тарату жоспарының небары 3 процент қана орындалғандығын, 20 күн ішінде 17 дана ғана газет таратылғандығын айтудың өзі-ақ жеткілікті. Баспасөз тарату Приешімі, Конохов, Октябрь аудандарында және Петропавл қаласында мейлінше жылдам жүргізілуде.

Мамлют (бастығы Усольцев, аудандық ұйымдастырушы Свободин жолдастар), Октябрь (бастығы Латанов, аудандық ұйымдастырушысы Ефимов жолдастар) аудандық байланыс мекемелерінің басшылары өздері басқарып отырған коллективті бұл саяси маңызы зор міндетті орындауға жұмылдыра алмай, баспасөз таратудың он-

ҚЫТАЙДАҒЫ ӨНЕРКӘСІП ҚҰРЫЛЫСТАРЫ

ПЕКИН, 22 октябрь. (СОТА). Қытай баспасөзі жаңа өнеркәсіп орындарының құрылыстары мен олардың қатарға қосылуы туралы күн сайын хабарлайды.

«Гуньжиньжибао» газеті қытайдың тас көмір бассейні—фушунде Лайхутай шахтасын кеңейту жөніндегі жұмыстар аяқталып келеді деп жазған. Жаңа техникамен жабдықталған шахта жыл сайын бір миллион тоннадан артық тас көмір беретін болады.

Жаңа көмір шахтасының құрылысы Нинсян (Цзяньский провинциясы) ауданында да басталды. Үетіміздегі жылдың аяғына қарай бұл шахта қатарға қосылатын болады.

Харбиндегі электр приборларын жасау зауытының құрылысы да шашаң қарқымен жүргізілуде. Құрылысшылар бұл зауытты көрсетілген мерзіммен 45 күн бұрын пайдалануға бермекші.

Қытай Халық Республикасының астанасы Пекинде 20 октябрьде мемлекеттік екінші тоқыма фабрикасының жабдықтау монтажы басталды.

Жеңіл өнеркәсіптің орталығы Шичжучуаньда азат еткеннен кейін Қытайда жасалып жатқан жаңа ірі тоқыма орынының құрылысы аяқталып келеді.

ГОМИНДАНДЫҚТАРДЫҢ АРАНДАТУШЫЛЫҚТАРЫ ТОҚТАЛҒАН ЖОҚ

ПЕКИН, 22 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі 1 сентябрьмен 10 октябрьге дейінгі 40 күн ішінде чанкайшілік самолеттер Фуцзянь провинциясының жағалаудағы аудандарына жалпы саны 1270 самолет қатынасқан шабуылдар жасады. Самолеттер 900 бомбы тастады және Амой, Гушунь, Хайтун, Чжанту, Юньсяо, Лунци, Циньцзян, Наман және Хуэйань аудандарының жағалаудағы елді пункттерін атырды. Бұл аудандардың жергілікті тұрғындарының 32 адам өлтіріліп, 131 адам жараланды. 94 үй зияндандырылды және жоқ етілді. Бұдан басқа 35 балық аулайтын кемелер мен қайықтар суға батырылды, 10 балық аулайтын кемелер мен қайықтар зияндандырылды.

1 сентябрьден 1 октябрьге дейін Куз-мои мен Датань аралдарына орналасқан чанкайшілік бөктерлер Амой, Дандэну, Сюодану және басқа да аралдарға 3800 дең аса снарядтар атты.

1 сентябрьден 30 сентябрьге дейін чанкайшілік соғыс кемелері Фуцзяньнің Ікағалаудағы ауданына 14 рет шабуыл жасап, Амойға, Хайтунға және Циньцзянға 1200 снаряд атты. Олар балық аулайтын 9 қайық пен 21 балықшыны ұстап әкетті. Құрама Штаттарының соғыс кемелері жеті рет бұл сыяқты қымысты шабуылдар кезінде чанкайшілік кемелерді ашықтан-ашық қорғауына йлды.

Бұл мерзім ішінде оңтүстік-шығыс жағалауды қорғап тұрған Қытай Халық азаттық армиясының бөлімдері гоминдандық кемелер мен қайықтарды қорғап тұрды.

Бүкіл дүние жүзінің халықтары атом қаруына тыйым салуды талап етуде

Сокхейдің «Дагунбао» газетінің тілшісіне мәлімдемесі

ПЕКИН, 18 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Индия парламентінің мүшесі, «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты генерал-майор Сахиб Синг Сокхей Тяньцзиньнің «Дагунбао» газетінің тілшісіне өңімелескенде, жуырда Манилада Оңтүстік-Шығыс Азия үшін жасалған агрессивтік шарттың зардаптарына толық тоқталған.

Бұл «Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қорғаншы шарты», деген Сокхей, Құрама Штаттар, Англия және Франция сыяқты елдердің империалистері тудырған әрекет болып табылады, олар өркендемеген елдерді отарлау және езу дәуірінің әлде қашан өткенін әлі де түсінген жоқ. Азияның халықтары өз тағдырының қожасы болуға тиіс екенін, өздерінің тұрмыс және мәдени дәрежесін шашаң арттыра алатынын кәзір түсініп отыр, сондықтан да олар осы мақсаттар үшін күрес жүргізуде. Бұл халықтардың шетелдік мемлекеттердің пайдасы үшін елдігі жерде қаналғысы келмейді. Мұның өзі Оңтүстік-Шығыс Азияның ең маңызды елдерінің Оңтүстік-Шығыс Азиядағы соғыс блогіне қосылмағандығынан, ал Қытай Халық Республикасының, Индияның және Бирманың бір-бірінің суверенитетіне, бейбітшілікпен қатар өмір сүруіне, ішкі істерге араласпауына және тең правосылық пен өзара тиімділік негізінде сауда жасауына өзара келіп беретін 5 принцип жариялағандығынан айқын көрініп отыр. Бұл принциптер және осы аудандың басқа халықтары арасында жасалған осындай келісімдер бұл аудандағы бейбітшілікпен көркейдік кешіп болады.

Манилада жасалған шарт Оңтүстік-Шығыс Азияда бейбітшілікті сақтау мақсатымен емес, қайта европалық елдер мен Құрама Штаттардың отарлық мүдделерін қорғау үшін жасалды. Бұл шарт Біріккен Ұлттар Ұйымы Уставының әрні мен рухына қайшы келеді, сондықтан заңсыз документ болып табылады. Оның

мақсаты —халықаралық қатынастардағы шиеленісті сақтау және бүкіл дүние жүзінде баянды, сенімді бейбітшілік орнатуға кедергі келтіру.

Сокхей Азияның халықтарын қырағы болуға және АҚШ үкметі мен оның итаршыларының бейбітшілікті әлсіретуге бағытталған айла-сұмдықтарының аралына түсіруіне мүмкіндік бермеуге шақырған.

Жуырда халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы қабылдаған конституцияға тоқтай келіп, Сокхей былай деп мәлімдеген: Бұл Конституция халық үшін жасалды. Оның басты мақсаты —халықтың өзіне жақсы тұрмыс жағдайын жасап, мәдениет дәрежесін арттыру үшін жұмыс істеуіне мүмкіндік беру. Конституция осыған мүмкіндік беру үшін жасалған. Мен Конституцияның азаматтардың правосына ғана емес, сонымен қатар олардың міндеттерін де белгілеп отырғанына ерекше маңыз беремін. Ол ел ма, Конституция азаматтардың правосына келіп беріледі.

Бұдан кейін Сокхей былай деген:

Мен жақында жарияланған совет—қытай декларацияларын өте жоғары бағалаймын. Бұл декларациялар ССРО мен Қытайдың достық және ынтымақ негізде бір-бірімен қатынастар жасап отырғанын көрсетеді. Бірақ мен ғылыми және техникалық ынтымақ туралы совет—қытай келісіміне аса зор баға беремін. Екі ел адамзаттың тарихында тұңғыш рет өздерінің ғылыми және техникалық білімдерін өзара еркін алысып отыруға ұйғарды.

Қытай халқы өзіне ауқатты және мәдениетті тұрмыс орнату үшін председателі Мао Цзэ-дунның ағартушы басшылығымен шын ниетімен, жігерлі еңбек етуде. 5 жылдық қысқа мерзім ішінде қалына келтіру дәуірінде және бесжылдық жоспардың екі жылында қытайлар көрермет істер жасап үлгірді. Мен премьер Чжоу Эн-лай маған көрсеткен цифрлармен таныстым. Бұл мәліметтер ҚХР-дің

1949 жылдан бері жеткен табыстарын көрсетеді. Бұл мәліметтер өте күшті әсер етеді және бұдан да зор табыстарға қол жетеді деп санауға мүмкіндік береді. Қытайлардың өндіріс ресурстарын дамытуға ұмтылған, кәзір ғылыми және техникалық ынтымақ туралы совет—қытай келісімімен қуатталған шын ниетті талабы жаңа көрерметтер жасауға мүмкіндік береді. Совет Одағының Қытайға 141 ірі өнеркәсіп орынын салуға көмектесіп отырғанын және кәзіргі уақытта да Совет Одағының өзін социалистік кеңпейілділігімен қосымша 15 кәсіпорны салуға көмектесетін ниеті бар екенін мен білемін. Қытайдың өркендеуі Азияның, Африканың және Латин Америкасының барлық халықтары үшін жарық жұлдызға айналып келеді.

Қару-жарақты азайту туралы мәселе жөніндегі совет ұсынысы жайында айта келіп, Сокхей былай деп мәлімдеген: атом қаруына және жаппай қырып-жоюлы қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы келісімдерге осы уақытқа дейін қол жетпей келген қарашайым себептің өзі сол, Америка Құрама Штаттары мұндай келісімді тілемейді, олар тек атом қаруының барлық түрлерінің өз қолында болуын ғана көздейді. Бүкіл дүние жүзінің халықтары атом қаруына тыйым салуды талап етуде. Сондықтан да бұл халықтар Құрама Штаттардың «Варух жоспары» дейтін жөніндегі қарарлар ретінде ұсынағандарының атом қаруына ие болуға және оны бақылауға бағытталған әншейін айла-тәсілі ғана екенін түсіне бастады. Кәзір басқа кезектестік байқалуда. Мәнің өз басым таяудағы болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл аса хауіпті жағдайдың тиімді шешімін табады деп ойлаймын. Біріккен Ұлттар бұл мәселеде ақылға сыятын позиция ұстасымен-ақ жаппай қырып-жоюлы қарудың барлық түрлері бақылауға алынады, сөйтіп, бүкіл адамзаттың игілігі үшін қарусыздандыру елеулі түрде жүзеге асырылады.

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 21 октябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Саяси комитеттің келісе таңертеңгі мәжілісінде қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоюлы қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция жасасу жөнінде совет делегациясы енгізген ұсыныс жөніндегі жалпы дискуссия онан әрі жүргізілді.

Бірінші болып сөз сөйлеген Жаңа Зеландияның өкілі Мурро конвенцияның орындауын қадағалау үшін құрылуға тиісті бақылау органына шаралар қолда-

лабын білдіреді деп мәлімдеді Ллойд, сонымен бірге Ллойд, атап айтқанда, бақылау органының сипаты мен міндеттері туралы мәселе жөнінде әлі де «елеулі алшақтықтар» болып отыр деп атап көрсетті. Ллойд қарулы күштердің қандай дәрежеге дейін азайтылуға тиіс екенін туралы мәселені де келісімге жету жолында әлі күнге тұрған қиыншылықтардың қатарына қосты. Бірақ Ллойд болып отырған алауыздықтарды онан әрі талқылауға екі жақтың да әзір отырғанын дәлелдеп берді.

Батыс державаларының бақылау орга-

конвенцияда көрсету уставқа қайшы келмеген болар еді. Сонымен, ағылшын өкілі іс жүзінде, БҰҰ Уставына қарамастан, бақылау органына ерекше өкілдіктер беруді онан әрі талап етті, ал БҰҰ Уставында Хауісіздік Советі халықаралық бейбітшілік пен хауісіздікті қолдау үшін басты жауап береді делінген.

Ллойд сөзінің қорытындысында талқыланып отырған мәселені онан әрі қару үшін қарусыздандыру жөніндегі комиссияның көмекші комитетін құру жайындағы ұсынысты қолдады.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Пакистанның

зу ісін зор әзірлікпен ұйымдастырған түрде бастады.

Мәселен, Соколов, Булаев аудандарында баспасөз тарату ісінің ұйымшылдықпен басталуы өзіндік өзінде аталған аудандарда белгіленген тираж жоспарының ойдағыдай орындалуына зор әсер етіп отыр. Бұларда еңбекшілерді газет, журналдарға жазу жөніндегі белгіленген жоспар 20 октябрьге дейін 27—17 процент орындалды.

Алайда, кейбір аудандық байланыс мекемелерінің басшылары өткен жылғы кемшіліктерді қайталап, быыл да баспасөз тарату жұмысының ұйымшылдықпен жүргізілуіне басшылық жасай алмай отыр. 1954 жылға баспасөз тарату ісі жүргізілгенде Мамлют ауданында газет, журналдарды бұқара арасына неғұрлым көп тарату мәселесіне жете көңіл бөлінбеді, бұл жұмысқа жанды басшылық жасалмады. Мұның өзі ақырында тағайындалған лимиттің толық менгерілмей қалуына әкеліп соқты. Бірақ Мамлют аудандық байланыс бөлімінің басшылары быыл да газет, журналдарға жазу ісін қанағаттанғысыз жүргізіп отыр. Мұнда баспасөз тарату мәселесімен ешкім жете шұғылданбай отырған көрінеді. Бұған дәлел ретінде 20 ок-

тябрьдегі мақаланың басындағы сөздеріне қамтамасыз етпей отыр. Усольцев және Латапов жолдастар баспасөз таратудан бойларын мүлде аулаққа салып, байланыс бөлімдері мен байланыс агенттіктерінің жұмысына бақылау жасап отырды естн шығарып алған.

Қоғамдық активтер мен ауыл шаруашылығының мамандарын баспасөз тарату ісіне кеңінен қатыстыру газет, журналдарды бұқара арасына көптеп таратуды қамтамасыз етуге зор мүмкіндік береді. Бірақ аталған аудандарда бұл мәселеге де жеткілікті назар аударылмай келеді.

1955 жылға баспасөзге жазу ісін ұйымшылдықпен және табысты аяқтау байланыс орындарының бүгін таңдағы ең жауапты міндеті болып саналады. Олай болса, аудандық байланыс мекемелерінің басшылары, аудандық ұйымдастырушылар бұл жұмысқа бөлінген қоғамдық өкілдерді, ауыл шаруашылығының мамандарын, байланыс қызметкерлері мен колхоз, совхоздардың хат тасушыларын түгел қатыстырулары, сөйтіп баспасөз тарату жөнінде тағайындалған лимиттің толық игерілуін қамтамасыз етулері қажет.

Г. КАРТАШОВ.

Облыстық «Союзпечать» бастығы.

Село көркемөнерпаздарының қызықты концерті

Становой селолық клубы Мамлют ауданындағы таңдаулы мәдени орындарының бірінен саналады. Оны көп жылдардан бері коммунист Виктор Елесеев жолдас басқарып келеді. Клубта село көркемөнерпаздарының күшімен драма, хөр үйірмелері ұйымдастырылған. Селодағы жетіжылдық мектептің оқытушыларының, ауыл шаруашылығы мамандарының қатысуымен лекторий жұмыс істейді. Көркемөнерпаздар коллективі колхозшылар арасында концерттер беріп, пьесалар көрсетіп отырады.

Жақында көркемөнерпаздар колхозшылар

мен механизаторларға қызықты концерт берді. Концерт басталар алдында селолық лекторийдің жетекшісі, мектеп директоры Е. Могиланская жолдас «Алкогольдің адам организмине зияны» деген тақырыпта лекция оқыды. Одан кейін концерт басталды. Концерттің программасында пьеса, орыс және совет композиторларының әндері мен билері бар. Жұртшылық әресе, Суханов, Антова, Андриевский жолдастар орындаған тың жер игеруші патриоттардың қажырлы еңбектерін жыр ететін әндерді құмарта тыңдады.

М. ПЕТРОВ.

Үлгілі кітапхана

Еңбекшілердің кітапқа деген әскелең тілегін қанағаттандырып отыруда кітапханалар көп жұмыс атқаруға тиіс. Бұл міндеттерді аброймен орындау үшін Афанасьевка селолық кітапханасының (Октябрь ауданы) жүргізіп отырған жұмысы үлгі аларлықтай.

Кітапхананың кітап қорында 900-ден астам әртүрлі әдебиеттер бар. Сол сияқты, мұнда көптеген газет, журналдар мен ғылыми-техникалық және саяси кітапшалар алдырылады. Кітапхана меңгерушісі А. Наяндин жолдас бригадалар мен мал

фермаларында жиі болып, дауыстап кітап оқуды ұйымдастырып, еңбекшілердің мезгілінде кітап ауыстырып алуын қамтамасыз етіп отырады.

Жақында кітапханада совет жазушыларының II съезіне арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде әдебиетіміздің тамаша табыстарын бейнелейтін совет жазушыларының таңдаулы шығармаларымен бірге совет үкметі жылдарында аударылған басқа елдер әдебиет классиктерінің шығармалары қойылған.

Т. ӘУБӘКІРОВ.

Қасқыр соқты

Жданов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) қарт аңшысы К. Мустафин және колхозшылар Р. Сәбитов және М. Қожақиев жолдастар жақында екі қас

қыр соғып, олардың терісін дайындау пункттеріне таспады.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

бар мәліметтермен байланысты Қытай Халық-азаттық армиясы 3 сентябрьде 13 октябрьге дейінгі 40 күн ішінде чанкайшилік 62 самолетті атып түсірді болмаса зияндандырды.

Қытай Халық-азаттық армиясының артиллериялық бөлімдері Фуцзянь майданында Куэмоі аралдарында топтасқан чанкайшилік әскерлерді төрт рет еселеген оқтың астына алды. Сөйтіп чанкайшилік бір кононерка мен буксирді суға батырды, мина тасушы екі кемені зияндандырды. Сол сияқты, жүзіп жүретін докты құртып жіберді.

АМЕРИКАН РАЗВЕДКАСЫНЫҢ БҮЛДІРУШІЛІК ӘРЕКЕТІ ЖАЙЫНДА

ВЕНА, 22 октябрь. (СОТА). Мұнда эмигранттардың антисоветтік ұйымдары басшыларының бірі И. В. Питленконың мәлідемесі жарияланған.

И. В. Питленко өзінің мәлідемесінде өзінің бұл ұйымдардан қол үзетіндігі туралы айтқан. Сол сияқты, бұл ұйымдардың американ разведкасының тапсырмасымен және қаражат беруі арқылы Совет Одағына қарсы бүлдірушілік әрекеттері туралы фактілер келтірген.

И. В. Питленко совет өкмет орындарынан өзіне Отанына қайтып оралуға рұқсат беруді сұраған.

АНГЛИЯДА ПОРТ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ЛОНДОН, 22 октябрь. (СОТА). Бұдан бұрын хабар етілгендей Англияның жеті ірі порты, соның ішінде Лондон, Гулль, Ливерпуль, Саунгептон порттары ереуіл құшағына енген. Ереуілге кезір 52 мың адам, яғни елдегі порт жұмысшыларының үштен екі бөлегі қатысуда. Бұл порттардағы доктар мен кеме жөндеу верфтарында төрт жүзден аса кемелер тоқтап тұр.

Рейтер агенттігі үкмет; егер ереуіл көтерушілер жұмысқа қайтпайтын болса, порттарға әскер енгіземіз, деп қорқытады деп хабарлайды. Алайда, агенттік порттарға әскер енгізу бұйыл ел ішінде жақтастық ереуіл толқынын тудыра ма деп, үкмет хауштенеді деп көрсеткен.

ОРЛЕАНВИЛЬДЕГІ СТИХИЯЛЫҚ АПАТ

ЛОНДОН, 22 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің Орлеанвильде (Алжир) берген хабарына қарағанда екі тәулік бойы тоқтамастан жауған нөсер жауын Орлеанвильдің үлкен көшелерін суға қарық қылып, жұбы арадағы болған жер сілкінуі салдарынан зиян шеккен көптеген тұрғындарға жаңадан баспана іздеуге мәжбүр етті.

Беше қалада орта күшпен жер астындық сілкіну сезілді.

ну правосын беру туралы батыс держандарының көзқарасын тапқылауды талап етті. Бақылау органының Хауісіздік Советінің өзара қатынастары туралы айта келіп, Мунро Хауісіздік Советі қарусыздандыру туралы конвенцияны жүзеге асыруға қатысы бар өз өкілдіктерін осы органға беруге тиіс және ол ұлы державалардың бірауыздылық принципі сақталған күнде ғана бақылау органының қарарларын бұза алады деген соншалықты таңданарлық система ұсынды. Бірауыздылық принципі бұлайша өңін айналып Хауісіздік Советінің шеңберінен тыс қойған болар еді және оның қайсы бір мемлекеттерге қарсы өз дегеніше шаралар қолдануына кең мүмкіндік берген болар еді.

Англияның өкілі Ллойд Саяси комитетте болып жатқан пікір алысуды пайдалы деп санайтынын айтты. Талқылауып отырған мәселе жөніндегі ағылшын-француз меморандумы да, сондай-ақ, Совет Одағының ұсыныстары да тиісті жақтардың бір-бірімен ымыраға келуге ұмтылған та-

ны туралы мәселе жөніндегі конвенцияның түсінідіре келіп, Ллойд конвенцияны бұзушыларға қарсы «түпкілікті шаралар» қолдануға Хауісіздік Советі шраролы екенін, өз ішінде бірауыздылық принципі қолданылып отырған Хауісіздік Советі ғана жазалау шараларын қолдана алатынын мойындады. Бірақ Ллойд соның өзінде бақылау органын «күшпен көндіру шаралары» дейтіндерді қолдануда правосы болуға тиіс, сондықтан бұдан былайғы келіссөздерде осы ұғымдар арасындағы айырмашылықты анықтау керек деп мәлімдеді. Ллойд сонымен қатар әлі де таңдан шешілетін конвенцияның ережелері БҰҰ Уставының ережелеріне сай келуге тиіс екенін және бұл ережелердің Хауісіздік Советіндегі ұлы державалардың бірауыздылық принципінің конвенциядан туатын қайсы бір мәселеге қолданылмауын көздей алмайтынын мойындады. Мұның өзі, деді Ллойд, уставқа қайшы келген болар еді. Сонымен бірге, деп мәлімдеді Ллойд, менің пікірімше, бақылау органы «күшпен көндіру шараларын» әншейін көпшілік дауыспен қолдануға правосы деп

өкілі совет ұсыныстарының негізіне ағылшын-француз меморандумының алынғанын, мұның өзі екі жақтың көзқарасы жақындаса бастағанын көрсетіп отырғанын қанағаттанған сезіммен атап айтты. Ол сонымен бірге бақылау органының міндеттері мен өкілдіктері туралы мәселе жөніндегі батыс державаларының позициясын қолдады, ал оның бер жағында бұл позицияның көзқарасты жақындастыруға тиісті де көмектеспейтіні жұртқа мәлім.

Израил мемлекетінің өкілі қарусыздандыру жөніндегі комиссияның көмекші комитетін құру туралы Канада делегациясының ұсынысын қолдады. Ол келісімге қол жеткен және келісімге әлі де қол жетпеген мәселелерді анықтап алу қажет деді. Қарусыздандыру жөніндегі комиссия мұндай мәселелердің барлығы жөнінде келісілген қарарлар қабылдануын көздеуге тиіс.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Жолдас!
Сен
ЛЕНИН ТУЫ
газетіне жазудың ба?

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

1 айға —	4 сом 35т.
3 айға —	13 сом 05т.
6 айға —	26 сом 10т.
1 жылға —	52 сом 20т.

Бір жылыға тұтас жазымыңдар!

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«НЮРНБЕРГТЕН ШЫҚҚАН
ЭКСПРЕСС»

Сеанстар сағат 3-5-те басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ЖІГІТІ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30-да басталады.

Жүк тасу жөнінде жүк таксимоторларын пайдаланушы барлық мекемелер мен кәсіпорындары аванс сомасын Петропавлдың № 2 автобазасының Петропавл қалалық банк бөлімшесіндегі № 182006 есеп айырысу счетына өткізулері қажет.

№ 2 автобазаның адресі: Петропавл қаласы, Киров көшесі, 197-үй, телефон 5-75.

№ 16 жол-пайдалану участогіне тракторшылар, грейдершілер, моторлы қар тазалайтын арнаулы автомашинада жұмыс істеу үшін бірінші немесе екінші класс шоферлары керек.

Адрес: Петропавл қаласы, Киров көшесі, 197-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.